



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӘҢІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

ҚМПИ **ЖАРШЫСЫ**

КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

**№ 2
2025**

ISSN 2310-3353



2025 ж., сәуір, №2 (78)

Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады

Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өнірлік университеті

Бас редактор: *Куанышбаев С.Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚҰУ, Қазақстан.

Бас редактордың орынбасары: *Жарлыгасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚҰУ, Қазақстан.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әлімбаев А.Е., философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

Балтабаева А.С., Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ, Қостанай қ., Қазақстан.

Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты (университеті), Ресей.

Емин Атасой, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

Зоя Микниене, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

Качеев Дағын, философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Ксембаева С.К., педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Лина Анастасова, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

Медетов Н.А., физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Мишиулина О.В., экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Рахимова Э.Е., № 1 мектеп-лицеї КММ мұғалімі, «Үздік педагог-2023 жыл», Қостанай қ., Қазақстан.

Соловьев С.А., биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

Скороходов Д.М., техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББМ, Ресей.

Скударева Г.Н., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университетінің ректоры, Орехово-Зуево қ., Ресей

Сычева И.Н., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББМ, Ресей.

Ташев А.Н., экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

Уразбоев Г.У., физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы қуәлік №5452-Ж

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.

Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.

Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:

110000, Қостанай қ., Байтұрсынов қ., 47

(Редакциялық-баспа бөлімі)

Тел.: 8(7142) 51-11-76

№2 (78), апрель 2025 г.

Издается с января 2005 года

Выходит 4 раза в год

Учредитель: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы

Главный редактор: *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

Заместитель главного редактора: *Жарлыгасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбаев А.Е., доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

Балтабаева А.С., директор КГУ «Методический центр» Управления образования Костанайской области, г. Костанай, Казахстан.

Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, профессор, Московский государственный институт международных отношений (университет) Министерства иностранных дел Российской Федерации, Россия.

Емин Амасой, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

Зоя Миккиене, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

Качеев Д.А., кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Ксембаева С.К., кандидат педагогических наук, НАО «Торайғыров университет», Казахстан.

Лина Анастассова, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

Медетов Н.А., доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

Мишулина О.В., доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Рахимова Э.Е., учитель, КГУ «Школа-лицей № 1», «Лучший педагог-2023 года», г. Костанай, Казахстан.

Соловьев С.А., доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

Скороходов Д.М., кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Скударева Г.Н., доктор педагогических наук, профессор, ректор Государственного гуманитарно-технологического университета, г. Орехово-Зуево, Россия.

Сычева И.Н., кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Ташев А.Н., кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

Уразбоев Г.У., доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж

выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.

Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.

Подписной индекс 74081

Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47

(Редакционно-издательский отдел)

Тел.: 8(7142) 51-11-76

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО

ӘОЖ 81

Исова, Э.А.,

*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теория кафедрасы,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚҰУ,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы*

Амиргалиева, Е.С.,

*«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
оку бағдарламасының 2 курс студенті,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚҰУ,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы*

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЗҚАРАСЫ

Түйін

Халел Досмұхамедұлының педагогикалық мұрасы қазақ білімінің дамуында улken рөл атқарды. Оның оқыту әдістері мен тәрбие жүйесіне қатысты тұжырымдары бүгінгі күнде маңызды болып қала береді. Галымның білім беру саласында ұсынған жаңа шыл қозқарастары қазақ мектептерінің сапасын арттыруға, үрпақтың жсан-жақты дамуына ықпал етті. Халел Досмұхамедұлының еңбектері ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына және дамытуға зор үлес қосып, қазіргі педагогика саласына маңызды әсерін тигізді.

Түйінді сөздер: педагогика, заңдылық, тіл, тазалық, әдем-гүрып.

1 Кіріспе

ХХ ғасырдың басында қазақ халқының рухани жаңғыруы мен білім беру саласында ерекше еңбек сінірген тұлғалардың бірі – Халел Досмұхамедұлы. Ол өз заманында көпсалалы ғалым, дәрігер, қоғам қайраткері, әрі ұлағатты ұстаз ретінде танылған. Халел Досмұхамедұлының педагогикалық қозқарастары мен ағартушылық қызметі қазақ халқының білімін көтеруге, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға және жаңтарды ғылым-білімге тартуға бағытталды. Халел Досмұхамедұлы қазақ халқының мәдениеті мен білім жүйесінің дамуына ерекше назар аударып, өз еңбектерінде білімнің ұлттық негізде берілуін қолдады. Оның педагогикалық мұралары қазіргі қазақ білім беру жүйесі үшін де өзектілігін жойған жоқ. Ол ғылым мен білімді халыққа жеткізу арқылы ұлттың өркендеуі мен болашағын көруге ұмтылды. Қазақ-қырғыз комиссиясының төрағасы Халел Досмұхамедұлының ұсынысмен Мағжан Жұмабаев, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жұсіпбек Аймауытұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Әбубекір Диваев, Мұхтар Әуезов педагогика, тарих, психология, есеп, әдебиет пәндерінен тұңғыш оқулықтарын жазғаны белгілі. Сонымен қатар «35 ұлт пен ұлыстың тілін білген ғұлама ғалым Е.Д Поливановтың «Грамматика казахского языка», «Казахско-найманский говор», «Казахский язык среди языков мира» деген еңбектерінің дүниеге келуіне Халел Досмұхамедұлының тікелей әсер еткені сөзсіз»[1.67].

«Халел Досмұхамедұлы – ұлттық интеллигентияның көшбасшысы. Ол медицина мен биологиядан бастап этнография мен әдебиетке дейінгі сан алуан салаларда мол еңбек қалдырды. Оның еңбектері әлі күнге дейін өзекті және құнды» – дейді зерттеуші Мәмбет Қойгелдиев[2. 14].

Бұл мақалада Халел Досмұхамедұлының педагогикалық көзқарастары, оның ағартушылық қызметі мен қазақ білім жүйесіне қосқан үлесі жан-жақты қарастырылады. Фалымның ғылыми-педагогикалық еңбектерінің маңызы талданып, оның идеяларының бүгінгі күнмен үндестігі анықталады.

2 Материалдар мен әдістер

Мақаланы талдау барысында Халел Досмұхамедұлының ағартушылық бағытта жазылған еңбектеріне талдау жасалды. Еңбектерінің мазмұнына шолу жасалып, талдаңды. Мәмбет Қойгелдиевтің «Қазақ демократиялық интеллігентиясының 1905-1917 жылдардағы қоғамдық саяси қызметі. Докторлық диссертациясы» атты еңбегі негізге алынды.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

Тарих, әдебиет, тіл ғылымдарына қатысты іргелі проблемалармен айналысып, «Қазақ халық әдебиеті», «Қазақ – қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», «Кенесары-Наурызбай», «Исатай қозғалысы турасында» (1925) «Адамның тән тірлігі» (1927), «Сүйектілер туралы» (1928), «Жануарлар» (1928), атты кітаптар жазды. Оның оқу-құралдарын жазудың методикасы, яғни шекірт жанына лайықты етіп құрастыру жайлар айтқан пікірлері көніл аударалықтай.

«Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу да қыын болады. Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең керегі ғылым тіліндегі қолданылған атауларды қазақ тіліне дұрыстап, түсінікті қылып аудару өте қыын жұмыс. Сөздің жүесін көлтіріп, көркем қылып аудару өте қыын жұмыс. Сөздің жүесін көлтіріп, көркем қылып жазу да керекті нәрсе. Ғылым атауларына лайықты ат қоюмен қоса, ол бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе. Сондықтан алғашқы жазылған кітаптарда әсем қылып сөздің жүесін көлтіріп жазудан гөрі ғылыми атауларға лайықты ат тағу жағын қарастыру керек», – дейді[3.56].

Х.Досмұхамедовтың фольклорлық тану саласындағы еңбектерінің ішінде оқшау тұратыны «Қазақ халық әдебиеті» (1928) очеркі. Онда халықтық педагогиканың кейбір проблемаларын сөз еткен. Бұл еңбектің тағы бір құндылығы: біріншіден, қазық ауыз әдебиеті үлгілерінің тәлімдік жағына баса көңіл бөліп, тұңғыш терең талдау жасаудындағы болса, екіншіден, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін тұңғыш жинап, зерттеуші В.В. Радлов, Н.И.Ильминский, Г.П.Потанин, А.В.Алектаров, Ә.Диваев сияқты ғалымдардың ой-пікіріне сипаттама беруінде, үшіншіден, қазақтың халық әдебиетінің ғылыми классификациясын жасап, жүйелеп, терминдерді қалыптастыруында болып отыр. Мәселен халық әдебиетінің мазмұны туралы айтқанда, шілдехана, бесік жырларының тәрбиелік мәнімен тоқтала келіп, «Қазақ баласының шыр етіп жерге түскеннен бастап, кімелетке толғанына дейінгі тыныс – тіршілігі ән-жырдың құшағында өтеді. Қазақ баласын тәрбиелеуде дыбыстық ырғактардың» басты орынға шығуы, сірә, халық әдебиеті мен халық әуендерінің кең тарап, дамуы және оның тәрбие туралы болуы себеп болса керек», – дейді ғалым.

Автор тұс жорудың, болжам өлеңдерінің мән-мағынасына тоқтала келіп, «тұс жорудың қазақтар арасында үлкен мәні бар, ел ішінде арнайы мамандар – тұс жорушылар да ұшырасады. Бұлардың айтуынша, тұс жору перғауынның түсін болжамаған Жүсіп пайғамбардан басталады. Әрбір қазақ тұсіп біреуге жорытуға тырысады және осы жору сезге әрдайым сенеді. Мысалы, «Қызы Жібек», «Қозы Қөрпеш» т.б. жырларда тұс көру мен оны жорудың поэтикалық суреттемесі баршылық» дейді.

Х.Досмұхамедов халықтың астрономиялық түсініктері мен ырымдарына да үлкен мән береді. Мысалы, ол «Халық әдебиетінде әпсаналар» үлкен орын алады. «Жер мен көктің жаратылуы», жұлдыздардың пайда болуы, топан су қатауы т.с.с. аңыз әңгімелер қазақ арасында өте көп тараған.

Автордың халық поэзиясының асыл мұраларын халықтың педагогикалық інжумаржандары деп бағалап, «Қазақтың ұшықырына көз жетпес кең даласы, оның құмы, өзені тау-тасы, орман-тогайы, салт-дәстүрі, ойын-сауығы, күйініш-сүйініші, қайғы-қасіреті бәрі-бәрі халық әдебиетімен өзекті орын алған», – деген пікірмен әбден келісуге болады.

Автордың лиро-эпос, тұрмыс-салт жырларына, қазақтың ұлттық өнеріне жасаған талдауларының ғылыми-педагогикалық мәні зор.

Х.Досмұхамедов халқымыздың шаруашылық кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, аңшылық өмірі, киіз үй мен оның барша жиһазы, ұлттық киімдері, әсіресе қыздар тағатын алтын-күміс, т.б. тізбектей келіп, осылардың жас буынды енбекке, кәсіпшілдікке, адамгершілік қасиеттерге баулып тәрбиеленудің маңызы зор екенін нақты деректер келтіріп дәлелдейді.

Халел Досмұхамедұлы қазақ халқының сауатын ашып, білімге ұмтылуына ерекше назар аударды. Ол қазақ балаларына ана тілінде білім берудің маңыздылығын атап өтті. Оның ойынша, халықтың болашағы білімді жастардың қолында. Осы мақсатта ол оқу құралдарын жазып, ғылыми еңбектерін ана тілінде жариялады[4.85].

Ғалымның «Жануарлар» атты оқулығы – қазақ тіліндегі алғашқы биология пәніне арналған құралдардың бірі. Сонымен қатар, ол «Табиғаттану» және «Оқушылардың саулығын сақтау» еңбектерінде оқушылардың денсаулығы мен табиғатты қорғау мәселелерін көтерді.

Халел Досмұхамедұлының педагогикалық көзқарасының негізгі ерекшелігі – білім берудің ұлттық сипатына баса назар аударуы. Ол: «Білім мен ғылым әр халықтың өз тілі мен мәдениеті негізінде дамуы тиіс», – деп атап өткен. Қазақ тілі мен әдебиетін білім берудің негізі ретінде қолдану арқылы жастардың ұлттық болмысын сақтауға шақырды.

Оның пікірінше, оқу бағдарламалары мен оқулықтар қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, мәдениеті мен салт-дәстүріне негізделуі керек. Бұл ұстанымы оны А.Байтұрсынұлы сияқты ұлт ұстаздарымен ұндастыреді [5.134]

Ғалымның ғылыми еңбектері тек педагогикамен ғана шектелмейді. Ол медицина, биология, әдебиеттану салаларында да енбек етті. Мәселен, оның «Оқушылардың саулығын сақтау» атты енбегінде денсаулық сақтау мәселелері көтерілген. Бұл оқулықта балалардың гигиенасы, дұрыс тамактануы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдары сипатталған.

Сонымен қатар, Халел Досмұхамедұлы қазақ халқының ауыз әдебиеті мен мәдени мұраларын зерттеуге үлкен үлес қосты. Ол халықтың бай мұрасын болашақ үрпаққа жеткізуді көздеді.

Халел Досмұхамедұлының мектепке байланысты көзқарасы оның ағартушылық және ұлттық білім беру саласындағы қызметтерінен айқын көрінеді. Ол мектептерді ұлттық мәдениет пен білімді дамыту құралы ретінде қарастырып, қазақ балаларының білім алушына ерекше мән берген.

Халел Досмұхамедұлының мектеп туралы негізгі көзқарастары:

Ұлттық білім беру жүйесін дамыту:

Халел қазақ балалары үшін білім беру жүйесінің ұлттық ерекшеліктерге сай болуын жақтады. Ол мектептерде тек қана жалпы пәндерді оқытып қоймай, ұлттық тарих, мәдениет, салт-дәстүрді де үйрету керектігін айтты.

Ана тілінде білім беру:

Ол білімді ана тілінде беру өте маңызды екенін атап өтті. Баланың өз ана тілінде сауат ашуы оның дүниетанымын көнегітүге, ұлттық болмысын сақтауға ықпал етеді деп есептеді.

Мектептің халыққа жақын болуы:

Халел ауылдық жерлерде мектептер ашып, оларды халыққа қолжетімді ету қажеттігін баса айтты. Ол ауыл мектептерінің білім тарату мен қоғамды ағарту жолындағы рөлін жоғары бағалады.

Оқу бағдарламасын жетілдіру:

Халел мектеп бағдарламаларының сапалы болуына ерекше көңіл бөлді. Оның пікірінше, мектептерде тек жалан теория емес, өмірге қажетті тәжірибелік білім де берілуі керек.

Ұстаздың рөлі:

Ұстаздарды білім мен мәдениеттің негізгі таратушысы ретінде қарастырып, мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажеттігін айтты. Оның ойынша, нағыз ұстаз білім беру ісінде ұлттың рухани тірегі болуы тиіс.

Білім арқылы ұлттық жаңғыру:

Халел мектеп пен білімді ұлтты алға жетелеудің басты құралы деп санады. Ол:

«Білімді халық қана өз болашағын қоргай алады» деген көзқарасты ұстанды.

Халел Досмұхамедұлы тазалық пен гигиена мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Ол дәрігер ғана емес, қоғам қайраткері ретінде де қазақ халқының денсаулығын жақсартуды көздең, тазалықты сақтаудың маңыздылығын түсіндіріп, бұл туралы арнайы еңбектер жазды.[6.24].

Халел Досмұхамедұлының тазалық жайлы ойлары:

Тазалық – денсаулықтың негізі: Халел тазалықтың адамның денсаулығы үшін аса маңызды екенін айта отырып, жеке және қоғамдық гигиенаны сақтау қажет екенін баса көрсетті. Оның пікірінше, тазалықтың болмауы ауру-сырқаудың таралуына себепші болады.

Жеке гигиена: Ол адамның өз денесін таза ұстасуы, тамақтану алдында қол жууы, киім мен тұрмыстық заттарды таза ұстасуы керектігін үнемі ескертті. Бұл әдеттер аурулардың алдын алуға көмектеседі деп есептеді.

Қоғамдық тазалық: Халел ауыл-аймақтың, қоғамдық орындардың тазалығына ерекше назар аударды. Ол суды ластамау, мал қоралары мен көшелерді таза ұстасу, қоқысты дұрыс жою сияқты мәселелердің маңыздылығын айтты.

Ауыз су мен тамақтың тазалығы: Ауыз судың таза болуы адам денсаулығы үшін өте маңызды екенін түсіндіріп, суды қайнатып ішу қажеттігін ескертті. Тамақ өнімдерін сақтауда тазалықтың сақталмауы түрлі жүқпалы аурулардың таралуына әкелеттінін айтты.

Санитарлық-ағартушылық жұмыс: Халел халық арасында тазалық пен гигиенаға байланысты үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуі маңызды деп санады. Ол медициналық білімнің қарапайым халыққа жетуі үшін мақалалар жазып, дәрістер оқыды[7.36].

Халел Досмұхамедұлының «Как бороться с чумой среди киргизского народа» атты еңбегі тазалықты сақтаудың маңыздылығын көрсететін құнды жұмыстардың бірі. Бұл еңбектінде ол оба індегінің таралуын тоқтатудың ең негізгі жолы – санитарлық шараларды сақтау екенін дәлелдеген.

Халел Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі» атты еңбегі адам анатомиясы мен физиологиясы туралы жазылған ғылыми-танымдық еңбек. Бұл еңбек қазақ халқына медицина негіздерін түсіндіру және ағартушылық мақсатта жазылған. Еңбек әсіресе қазақ халқының өмір салты мен денсаулыққа қатысты мәселелерін ескеріп дайындалған.

Адам денесінің негізгі мүшелері мен олардың қызметін қарапайым тілде түсіндірген.

Әрбір ағзаның рөлі мен бір-бірімен байланысын түсіндіре отырып, олардың үйлесімді жұмыс жасау маңыздылығын атап көрсеткен.

Адамның дені сау болуы үшін дұрыс тамақтану, еңбек және демалыс тәртібін сақтау, тазалық пен гигиенаның рөлі туралы кеңес береді.

Аурулардың алдын алу үшін дene мүшелерінің қызметін түсіну қажет екенін айтады.

Еңбектің денсаулыққа әсері туралы айта отырып, артық жұмыс істеу немесе дұрыс демалмаудың зиянын түсіндіреді.

Адамның денесін шынықтыру мен физикалық белсененділіктің маңызын атап көрсеткен.

Жүйке жүйесінің адам денесіндегі басты рөлі туралы мәлімет береді.

Дұрыс ойлау, эмоцияны басқару және жүйке жүйесін сақтау жолдарын ұсынады.

Қазақтың дәстүрлі медицинасы мен ғылыми медицинаны салыстырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсеткен.

Ғылыми білімге сүйеніп, халықты заманауи медицинаның маңыздылығына сендеруге тырысқан.

Халел Досмұхамедұлы – қазақ ғылымының және ағартушылық ойының көрнекті өкілдерінің бірі. Ол қазақ халқына білім беру саласында айтартықтай үлес қосып, ұлттық мәдениеттің дамуына және қоғамдық сананың өркендеуіне ықпал етті. Оның еңбектері

әртүрлі салаларды қамтып, әсіресе медицина, биология, педагогика, тіл білімі, тарих және әдебиет сиякты маңызды бағыттарда терең зерттеулер жүргізуге арналды. Осы мақалада Халел Досмұхамедұлының негізгі ғылыми еңбектері мен олардың қазақ ғылымы мен ағартушылығына қосқан үлесі қарастырылады.

Халел Досмұхамедұлы медицина саласындағы еңбектері арқылы халық арасында денсаулық сақтау мәселесіне зор назар аударды. Ол қазақ халқының денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу, тазалық пен гигиенаны дәріптеу бойынша бірнеше құнды еңбектер жазды. Оның ішінде «Адамның тән тірлігі» атты еңбегі ерекше маңызды болды. Бұл еңбек қазақ оқырмандарына анатомия мен физиологияның негіздерін қарапайым тілмен түсіндіріп, халық арасында денсаулыққа деген жауапкершілікті арттыруды мақсат етті. Сонымен қатар, Халелдің «Оба ауруы және онымен құресу шаралары» атты еңбегі халықты індettерден сақтандыруға бағытталған практикалық нұсқаулық болды. Бұл еңбектер оның медицина саласындағы ағартушылық қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды.[8.28].

Халел Досмұхамедұлының тарих және этнография саласындағы еңбектері қазақ халқының өткенін зерттеп, ұлт тарихын сақтауға және насиҳаттауға бағытталды. Оның «Түрік, қыргыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты шығармасы түркі халықтарының тарихын, олардың мәдениетін, салт-дәстүрлерін зерттеді. Бұл еңбек қазақ халқының тарихын түсіну үшін маңызды дереккөз болып табылады. Сонымен қатар, «Қазақ халық әдебиеті» атты еңбегінде халықтың ауыз әдебиеті мен әдеби мұраларын жинақтап, олардың тәрбиелік және білім беру маңыздылығын атап өткен.

Халел Досмұхамедұлы педагогика саласында да айтарлықтай еңбектер жазды. Ол қазақ мектептеріндегі оқыту жүйесін жетілдіру, оқыту әдістемелерін дамыту мәселелеріне назар аударды. “Шағын жаратылыстану оқулығы” атты еңбегінде Халел биология мен жаратылыстану ғылымдарының негіздерін қазақ тілінде түсіндіріп, осы салаларды оқыту әдістемесін ұсынып, ұлттық білім беру жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, Халелдің еңбектерінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту әдістерін енгізу ұсынылды[9.42].

Халел Досмұхамедұлы қазақ тілінің дамуына да айтарлықтай үлес қосты. Ол қазақ тілінің грамматикасы мен орфографиясын жетілдіру мақсатында жұмыстар жүргізді. “Қазақ тілі жөніндегі оқулықтар” еңбегінде Халел қазақ тілін үйретудің әдістемесін қалыптастырып, жаңа ғылыми терминдерді енгізу арқылы тілдің ғылыми әрі практикалық қызметін арттыруды. Оның қазақ әдебиетіне арналған еңбектері де ұлттың мәдениеті мен тілінің сақталуына бағытталған.

Халел Досмұхамедұлы – қазақ тілінің грамматикасын зерттеуде маңызды еңбектер жазған ғалымдардың бірі. Оның тіл біліміндегі орны өте зор, себебі ол қазақ тілінің дыбыстық жүйесін терең зерттеп, оның негізгі заңдылықтарын анықтауға үлес қоскан. Оның еңбектерінің ішінде қазақ тіліндегі сингармонизм заңына қатысты көзқарастар мен түсіндірмелер маңызды орын алады.

Сингармонизм заңы – қазақ тілінің басты фонетикалық заңдарының бірі болып табылады. Бұл заң бойынша бір сөздің ішінде дауысты дыбыстар не алдыңғы қатарлы, не артқы қатарлы болады. Халел Досмұхамедұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттей отырып, сингармонизм заңын түсіндіруде ерекше назар аударған. Оның пікірінше, сингармонизм – тілдің ішкі құрылымын сақтайтын маңызды құбылыс және бұл заң қазақ тілінің ұндастік заңдылықтарын құрайды.

Досмұхамедұлы сингармонизм заңын екі негізгі топқа бөліп қарастырады:

Алдыңғы қатарлы дауысты дыбыстар: [i], [e], [y], [ø]

Артқы қатарлы дауысты дыбыстар: [a], [o], [ы], [у]

Оның пікірінше, бұл заң қазақ тілінің фонетикалық жүйесінің негізгі элементі болып табылады және сөздердің ішкі құрылымын реттейді.

Халел Досмұхамедұлының «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегінде сингармонизм заңы туралы терең түсіндірмелер берілген. Бұл еңбек қазақ тілінің грамматикасын жүйелі түрде түсіндіруде, әсіресе қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері мен ұнdestік заңдарын ұғындыруды маңызды орын алады[10, 13].

Сингармонизм заңы қазақ тілінің морфологиялық құрылымында да маңызды рөл атқарады, өйткені сөздердің түбірі мен қосымшалары арасындағы үйлесімділік осы заңға негізделеді. Халел Досмұхамедұлы сингармонизм заңын тілдің табиғи құрылымын сактайтын, сөздер мен олардың компоненттерінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін негізгі фактор деп түсіндіреді.

5 Қорытынды

Халел Досмұхамедұлы қазақ халқының ағартушылық және ғылыми ойының көрнекті өкілдерінің бірі болды. Оның педагогика саласындағы еңбектері қазақ мектептерінің дамуында маңызды рөл атқарды, әсіресе білім беру әдістерін жетілдіру және ұлттық тәрбиениң негіздерін қалыптастыруды ерекше мәнге ие. Халел Досмұхамедұлының педагогикалық көзқарастары, оның ішінде өкітудың тиімді әдіс-тәсілдері мен оқу процесінде бала психологиясын ескеріп, оның жан-жақты дамуына бағытталған ойлары бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтқан жок.

Бүгінде оның еңбектері ұлттық білім жүйесін жаңғыртуда, педагогика саласында ғылыми ізденістер жүргізуде және өкіту әдістемелерін жақсартуда маңызды бағдар болып табылады. Халел Досмұхамедұлының ұрпаққа қалдырған мұрасы бүгінгі білім беру мен тәрбиеде өзінің бағасын табуда, ал оның педагогикалық ілімдері еліміздің білім беру жүйесінің алдағы дамуында өзекті болып қала береді.

Халел Досмұхамедұлының ғылыми және ағартушылық еңбектері қазақ халқының мәдениеті мен білімін көтеруге бағытталған маңызды қадамдар болды. Оның медицина, биология, педагогика, тіл білімі, тарих және әдебиет салаларындағы зерттеулері қазіргі қазақ ғылыминың дамуына үлкен ықпал етті. Оның еңбектері тек ғылыми жұмыстар ғана емес, сонымен бірге қазақ халқына білім беру арқылы қоғамдық сана мен мәдениетті дамытуға бағытталған ағартушылық қызметтің жарқын ұлгасы болып табылады. Халел Досмұхамедұлының мұрасы бүгінгі күні де өзектілігін жоймай, ұлт болашағына қосқан зор үлес болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кекілбайұлы Ә. Есімі мен еселі еңбегі халқымызға қайтып оралған қайран Халел // Тандамалы. Алғы сөз. – Алматы, 1998.
- 2 Қойгелдиев М. Қазақ демократиялық интеллітгенциясының 1905-1917 жылдардағы қоғамдық саяси қызметі. Докторлық диссертациясының авторефераты. – Алматы, 1995.
- 3 Сыздықов Қ. Керімов Ш. Алқаласа әлеумет. Жыр жинағы. – Алматы, 1991.
- 4 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.
- 5 Нұрпейісов К., Құлкенов М., Хабиженов Б., Меклпеов А., Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Санат, 1996.
- 6 Табылдиев Х.Б. Есімі ел есінде // Денсаулық. – 1995. – № 7.
- 7 Досмұхамедұлы Х. Жүқпалы аурулар хакында // «Қазақ» газеті. – 1914. – № 60. – № 62.15. Қазақстан ұлттық энциклопедиясының бас редакциясы. – Алматы. 1998.
- 8 Нұрпейісов К.Саяси көзқарас Халел Досмұхамедұлы және оның өмірімен шығармашылығы. – Алматы: Санат, 1996.
- 9 Досмұхамедов Х. Табиғаттану. I-бөлім. – Ташкент, 1922.
- 10 Досмұхамедов Х. Қазақ-қыргыз тіліндегі сингармонизм заңы. Оқулық, 1924.

ИСОВА, Э.А., АМИРГАЛИЕВА, Е.С.

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ВИДЕНИЕ ХАЛЕЛА ДОСМУХАМЕДОВИЧА

Педагогическое наследие Халела Досмухамедовича сыграло большую роль в развитии казахского образования. Его выводы о методах обучения и системе воспитания остаются актуаль-

ными и сегодня. Новаторские взгляды ученого в области образования способствовали повышению качества казахских школ, всестороннему развитию поколения. Труды Халела Досмухамедовича внесли большой вклад в становление и развитие национальной системы образования, оказали важное влияние на современную педагогику.

Ключевые слова: педагогика, законность, язык, чистота, обычаи.

ISSOVA, Е.А., AMIRGALIYEVA, Y.S.

PEDAGOGICAL VISION OF KHALEL DOSMUKHAMEDOVICH

The pedagogical legacy of Khalel Dosmukhamedovich played a great role in the development of Kazakh education. His conclusions about teaching methods and the education system remain relevant today. The scientist's innovative views in the field of education contributed to improving the quality of Kazakh schools and the comprehensive development of the generation. The works of Khalel Dosmukhamedovich made a great contribution to the formation and development of the national education system, and had a huge impact on modern pedagogy.

Key words: pedagogy, legality, language, purity, customs

Авторлар туралы мәліметтер:

Исова Эльмира Эдільханқызы – филология гылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теория кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өнірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Амирғалиева Еркегуль Сапаргалиевна – «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 2 курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өнірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Исова Эльмира Адильхановна – кандидат филологических наук, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Амирғалиева Еркегуль Сапаргалиевна – студентка 2 курса ОП «6B01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Issova Elmira Adilkhanovna – Candidate of Philological Sciences, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Amirgaliyeva Yerkegul Sapargaliyevna – 2-year student, “6B01701 – Kazakh language and literature” educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 82:81-26; 82:81'38; 801.6; 808

Кожсанұлы, М.,

филология гылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс
университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАФЫ БАР Да, МҮҚАҒАЛИ ӘЛЕМІ БИКТЕЙ БЕРЕДІ

Түйін

Мақалада Мұқагали Мақатаевтың кейбір жырларын негізге алым, өзі өмір сүрген ортаниң шындығын қаз қалтында суреттеп, ой түйген толғамдарын рухани-танымдық бағытта насыхаттау тұрғысынан қарастырылады. Қазақ поэзиясында аңызға айналған Мұқагали әлемі Абай шыгармаларымен, ұлы Абайдың «толық адам» өлшемдерімен сабактасып жатқаны сөз етіледі. Талдауга алынған ақын өлеңдері өзіне дейінгі ақындар мектебінен үлгі алғып, қогамда жетекші рөл атқаратын адам қапиталын асқан шеберлікпен, дәлдікпен жеткізуде, бүгінгі еліміздің «рухани жаңғыру», «әділдік,

адал азамат қогами» бағдарламасымен үндесуде. Автор ақынның жауһар жырларын «Темірқазық» етіп, Мұқагали әлемін Отан-Ана, туган жер, отанишлдық сезім, адамгершілік, т.б. бағыттағы тақырыптарын сарапал, зерделеп, отандық гылымның дамуын рухани-мәдени танымдық тұргыда зерттеу арқылы Мұқагалитану гылымының айқындауына ықпал етеді деп санайды.

Түйінді сөздер: Мұқагали өлеңдері, әділ қоғам, адап адам, «толық адам» өлишемдері (акыл, қайрат, жүрек, еңбек), адамгершілік, отанишлдық сезім, патриотизм.

1 Кіріспе

Сонау ықылым заманнан бері Қазақ Даласында мекен еткен ақын-жыраулар жырларын былай қойғанда, XV ғасырдан бері күні бүгінге дейін поэзия әлеміне көз салсан, ақын жүргегінде халқының бүкіл арман-мұраты, қуанышы мен қайғысы, жеңісі мен жеңілісі орын алғып, олар халық тағдырын өз тағдырынан биік қоя білгенін көреміз.

Соның жалғасы, солардың бірегейі, бүгінде поэзиясымен қазағымды мойыннатқан, Алатаудың ақыны атанған Мұқагали Мақатаев.

Ақын М. Мақатаев нені жырласа да туған жерді ме, асыл жарды ма, айнымас достықты ма, табиғатты ма – сонау тұңғылғы тереңнен тартып, философиялық ойға құру, күтпеген тың байламдар жасау – оның шығармашылығына тән бір ерекшелік. Ақынның айттар ойы, сезімі кейіпкер тағдыры емес, өз тағдырымен тікелей астасып жатады. Ол ой маржанын бүкіл әлемнен (Адам-Табиғат-Қоғам), ал поэзиялық бояуларын халықтан (Тіл-Сана-Ұлт) іздейді.

Қазақстанның халық жазушысы, қазақ поэзиясыныңabyz ақыны атанған Ә. Тәжібаев кезінде В. Белинскийдің поэзия туралы айтқан сынни пікірін Абай поэзиясына да тән десе, кейін осы пікірін қайталап, Мұқагали поэзиясына да ортақ деп, одан әрі: «...Біз осы құдыретті белгілердің бері де Мұқагали поэзиясынан да түгел табылады дейміз» (Мақатаев, 1982, 7-б.), – деп жазғандай, ақын талантын бағалап, аялай білген abyz ақынның оған деген шынайы сүйіспеншілігін көреміз.

2 Материалдар және әдістер

Материалдарды зерделеу барысында ақынның «Жылап қайтым, өмірдің базарынан» (Мақатаев, 1994) атты жинағындағы өлеңдері негізге алынды. Ақын шығармаларын талдауда, ең алдымен, халық ауыз әдебиетінің өкілдері мен Абайдың көзқарастары, Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.Ж. Тоқаевтың, ғалым Т. Жанұзақовтың пікірлері назарға алғып, салыстыру-бақылау, талдау әдістері қолданылды.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

Мақалада қазақтың ақыны М. Мақатаевтың өлеңдері танымдық-тілдік бағытында әлі де жан-жақты зерттелмеген назарға алғынан, оларды танымдық тұргыдан қарастырылды. Зерттеуге негіз болған ақынның сондай жинақтарының бірі – «Жылап қайтым, өмірдің базарынан» (Мақатаев, 1994) атты жинағын, аты айтып тұрғандай тебірене, толқи оқу мүмкін емес. Материалды зерделеуде, Жинаққа топтастырылған ақын өлеңдерін бір қарағанда, әрбір өлең жайдан жай жазылмайды, оның тууына белгілі бір себептерге, оқиғаға негізделгенін автор ғана біледі. Сондықтан ақын дүниесіне мән бергенде, осындағы ықтималды нәрселер (жағдай, оқиға, не ішкі-сыртқы орта) әсер етуі мүмкін-ау деген болжам тұрғысынан қарап, өз пайымдауымызды білдіреміз. Бұл – занұлық. Сондай жағдайдың бірі – ақынның кешегі әміршілдік-әкімшілдік әпербақан саясаттың іс-әрекеттерін көзімен көріп, қолымен ұстап, құлағымен есітіп, сол ортада жүрген кезеңін ішкі жан дүниесімен қаз қалпында өрнектей білген, кейбір өлеңдеріне тоқталуды жөн көрдік. Соның бірі – «Біреуге» атты өлеңінің (1958) көтерген мәселесі күні бүгінге дейін өз мәнін жоймағанын көреміз. Өлең екі бөліктен тұрады.

Бірінші бөлікте: «мен – сен – анау (ол)» арқылы біздер үш топтың өкілі болсақ та, бір қоғамда, бір ортада өмір сұрсек те, бірақ іс-әрекетіміз, мінез-құлқымыз, ішкі жан дүниеміз, ортаны танып-білуіміз, ойлауымыз, тіпті, адам болып қалыптасуымыз да әрқилі. Мысалы, «мен – анауга (ол)» қарағанда, «сен – «мықты» болдың. Себебі, бізге (мен-анау) қарағанда, сен мүмкіндікті пайдаланып өстің, жетілдің, қолындағы нәрсеңе масаттандың. Саған айтартымыз: тасыма, мақтанба,- дейміз, тек екеуіміз (сіз-біз) бір ортада жүрсек те, ойымыз, пікіріміз екі түрлі, бір арнаға тоғыспайды. Сен қанша мықты болып, шалқып өмір сұрсең де, күндердің күнінде сол жиған-терген атақ-даңқың, байлығың, өлгенде сені қайта тірілтпейді, – деп, күнделікті есітіп жүрген қарапайым сөздерді поэзия тілімен бейнелеп, философиялық оймен түйіндейді.

Екінші бөлікте: Бірінші бөлікте айтылған жайттарды одан әрі өрбітіп, ақын оған «Сен қандайсың?» деп, сұрақ қоя отырып, тұластай оның жауабын өзі «сен - мықты» болсан да, қолындағы билік қүшіне сенсең де, бойындағы кемшілік қасиеттерің: ауырдың астымен, жеңілдің үстімен өмір сүріп, жылы жүзбен, майда сөйлеп, елді арбап, алдайсың, қусың, жылансың, сөзің пәтуасыз, текке жүрмей, біреуге ор қазасың, өлмейсің, құрымайсың, түбінде сен сорлайсың, оңбайсың, – деп сипаттайды.

Ақынның осы екінші бөлігінен «Сен қандайсың?» арқылы кешегі

Б. Майлииннің Мырқымбай бейнесін көз алдыңа алып келсе, екіншіден, Абайдың «Бойы бұлғаң» өлеңінен ұлғі алғанын, яғни Мұқағали мен Абай арасындағы байланысты көреміз. Салыстыралық:

Мұқағали (Мақатаев, 1994, 146-б.)	Абай (Абай, 1995, 119-120-б.)
<p>Сен қандайсың?!</p> <p>Сен бе?</p> <p>Сен ...</p> <p>Жыландайсың елге сен,</p> <p>Жүре алмайсың жөнге сен.</p>	<p>Өз ойында</p> <p>Тұл бойында,</p> <p>Еш міні жоқ бендесіп;</p> <p>Сөз қыдыртқан,</p> <p>Жұрт құтыртқан,</p> <p>Антын, арын саудалап.</p>
<p>Сен қандайсың?!</p> <p>Қандайсың?</p> <p>Майлы, майда шаңдайсың,</p> <p>Жұғып кетсең қалмайсың,</p> <p>Алпыс айлалы андайсың...</p>	<p>Бойы бұлғаң,</p> <p>Сөзі жылмаң</p> <p>Кімді көрсем, мен сонан...</p> <p>Су жұғар ма,</p> <p>Сөз ұғар ма</p> <p>Сыбыра жылаң желбуаз?</p>
<p>Сен сондайсың!</p> <p>Сондайсың!</p> <p>Түбінде сен оңбайсың!</p> <p>Сондайсың сен сондайсың!</p>	<p>...Аққа тартқан,</p> <p>Жөнге қайтқан,</p> <p>Ақыл айтқан бенде жоқ.</p> <p>...Айтты – көндім,</p> <p>Алды – бердім,</p> <p>Енді өкіндім – өзіме өзім.</p>

Ақын санамаланған жаман әдеттен аулақ болуын ұлы Абай айтқан «толық адам» концепциясынан іздесек, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Біз Абайдың «толық адам» (астын сыйзған-біз) тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындал келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» (Тоқаев, 2019, 2-б.),- деп

жазғандай, туған елімізді көркейтуде жырымен үлес қосқан, ақын поэзиясынан да байқау қыны емес.

Ақынның қай шығармасын алып оқысаң да тұлға (адам) толық адам болу үшін «жақсыжаман», «ақыл-қайрат-жүрек», «енбек» т.б. іргелі ұғым-түсінігінен (концепті), яғни ұлы Абай тұжырымы толық көрініс тапқан.

Абайша, *бес нәрсеге асық болу – «жақсы»* («жақсылық») ұғым деп, *бес нәрседен қашық болу – «жаман»* («жамандық») ұғым деп қарасақ, «жақсы» («жақсылық») ұғымда: бір-бірін сыйлау, құрметтеу, кішіпейіл болу, ата-ананы сыйлау, тілді құрметтеу, Отанды, туған елді, жерді сүю, достықты қадірлей білу т.б. салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен сабактасса, ал «жаман» («жамандық») ұғымда: бір-бірін сыйламау, есек, өтірік, мақтаншақ, жалқаулық, жек көру, қызғаныш, бәске т.б. жаман әдеттермен ұласып отырғанын (бұл «жаман» ұғымы тек қазаққа тән емес, кез келген ұлтта да бар, бірақ олар әртүрлі формада кездесуі мүмкін – астын сызған біз) байқаймыз. Олай болса, «жақсы-жаман» ұғымы қай қоғамда болмасын қатар өмір сүрсе де, уақыт талабына сай «жаман» ұғымының өміршең болмағанын өз заманында Абай:

«Жамандықтан жиренсен,

Ашыларсың жылма-жыл (Абай, 1995, 37-б.)

немесе:

...Кісіге қарап сөз алма» (Абай, 1995, 37-б.), – десе, ал ақын сол жаман қылықтан құтылу үшін, аға буын ағаларына, замандастарымен сырласып, өзі айтқандай,

«...Ғабеке!

Айтсандаршы мыналарға,

Мен кімнің қазынасын ұрлап едім?» (Мақатаев, 1994, 206-б.)

немесе:

«...Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,

Тастағысы келеді күресінге.

Фаризажан, сен оны білесің бе?..» (Мақатаев, 1994, 207-б.), – деуі, қазақ қоғамының осы жаман әдетінен қалай құтылудың жолын іздеп, әбден шаршаса да, әйтеуір бір жақсылықтың болатынын, яғни «Адам болам десеніз» деп, ұлы Абай ұсынған «толық адам» өлшемдеріне (ақыл, қайрат, жүрек) сеніммен қарайды.

Тоқсан ауыз сөздің түйіні: қоғамда да, өмірде де қолында билігі бар адамның қателіктегі мен кемшіліктерін ақынның 1958 жылы жазылған бұл өлеңін («Біреуге») қазіргі тілмен айтқанда, «сыбайластық», «жең ұшынан жалғасқан демеушілік», «жемқорлық», «жалақорлық», әсіресе, Тәуелсіз Қазақстанның 30 жыл ішінде кешегі аттөбеліндей өміршілдік жүйенің соңғы тұяқтары «боzторғай жұмыртқалады деп» ашса алаканында, жұмса жұдырығында ұстап, билік құрған «Назарбаев» дәүірінде кеңінен қанат жайғаны ешкімге жасырын емес. Бұл хақында Мемлекет Басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың 2025 жылғы 3 қантардағы «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Әрине, Нұрсұлтан Назарбаев ұзақ жыл бойы ел тізгінін ұстаған уақытта кемшіліктер болды» (Тоқаев, 2025), – деп орынды атап көрсеткендей, бүгінде бір кезде ақын армандаған, жақсылықты алдағы қундерден күткен «әділдік, адалдық, адал азамат қазақ қоғамы» араға 65 жылдан кейін үстемдік етуде, қайта жаңғыруда, қайта түлеуде...

Ақын бар болғаны 10 жолы арқылы «Шіркіндер» атты өлеңінде өмірде, кез келген адамның басында болатын, яғни кешегі ағайын-түйс, дос-жаран, бауырдың өзінен теріс айналған жайттарын тізбектеп:

«Шіркіндер,

Жарамады-ау хал сұрауга,

... Иланып мен туралы сыйбыстарға,

Шіркіндер, шыныменен сусықсан ба?!

Достарға, жолдастарға не жазып ем,

Не жазып ем бауырға, туысқанға?!» (Мақатаев, 1994, 21-б.), – дейді.

Біздіңше, бұны бір кездері өскен ортасына көнілі қалып, өзінің басындағы пүшайман күй кешкен сәттегі, іштей күйзелісінен туған, өмірден түйген ақын шындығының жыр шумақтары деп қараған жөн. Ақын, бұл өлеңін қай жылы жазылғанын көрсетпесе де, мүмкін, осы «Шіркіндер» өлеңіндегі айтар ойын «болдым, қойдым» демей, кейін оның «Біреуге», «Ғабана», «Фаризаға» атты өлеңдерінің тууына себепші болды ма еken деп ойлаймыз. Бұл – ақынға тән мінез. Эрине, біздің пайымдауымыз.

Аталған жинақты қайта оқығанымызда, ақынның мына өлеңіне ерекше назар аударған жайымыз бар. Ол – «Өзіммен өзім (Басқаларға қатысы жоқ)» (Мақатаев, 1994, 40-б.).

Біз, осы өлеңнен сырттай кешегі XV-XX ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау Қалқаманұлы, Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы), Мәделі Жұсіпқожаұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, т.б. қазақ поэзиясы өкілдерінің адам жасына байланысты жырлаған ақындар мектебінің жалғасын көреміз. Өйткені, өленді оқыған кез келген адамның «Мен» дегізрлік қасиеттерін, нақтырақ айтқанда, 20-40 жас аралығындағы жастық шақ пен жігіттік кезендегі бейнесін, іс-әрекетін, мінез-құлыштарын, кей сәтте шалыс басып, оны мен солын ажырата, тани алмаған, бір сәт құлдыраған бейнесін көз алдыңа алып келеді. Мысалы:

«Өзімнен өзім аса алмай,

Өзімді өзім баса алмай,

Ауыздық салған асаудай,...» (Мақатаев, 1994, 40-б.), – деген жолынан әлі де өзін дұрыс жолға қоя алмаған, ойын әр саққа жүгіртіп, көрген-білгенін, кейде албырт жасқа бой алдырып алатын жігіттің бейнесін көреміз. Енді бірде, ақын:

«Өзімді өзім танымай,

Өзгеге көніл жарымай,...» (Мақатаев, 1994, 40-б.), – деп, одан әрі көргенінен өзінше ой түйіп, тәжірибе жинақтап, білсем, үйренсем деген мақсатын айналасындағы қарым-қатынас жасап жүрген ортасы мүмкіндік бермегеніне налиды, күйінеді. Бұл – өзгеге емес, өзіме ғана қатысты десе де, оны әрбір адам осындағы сәттерді басынан өткізуі әбден мүмкін. Сонымен, ақын өлеңін сырттай салыстырмалы түрде «АҚЫН/АДАМ – ОРТА – ЕҢБЕК» үш тағандық қарым-қатынас аясында қарап, қоғамда жетекші рөл атқаратын адам қапиталын асқан шеберлікпен, дәлдікпен жеткізуде, біздіңше, Ақан сері Қорамсаұлының «Айтамын замандасқа біраз кенес» атты (Бес ғасыр жырлайды, 1984, 317-321-б) өлеңімен үндесіп жатқандай. Міне, ақын құдыреті «Басқаларға қатысы жоқ» деуі осында. Сондай-ақ, кейде ақын:

«Жамандықпен табысып,

Жабыларменен жарысып,...» (Мақатаев, 1994, 40-б.), – деп, *жабы*¹ сөзі арқылы өзін қарабайыр адамдармен жарысса, енді бірде өзі бағыт-бағдар беріп, жетістігіне қуанып, тәрбиелеген адамына кейін уақыт өте келе, оған тәуелді болғанын да жасырмайды. Мысалы:

«...Өзіммен өскен палуанға,

Өз мойнымды үздіртіп,

Табынтықан мені тағдыр-ай,

Өзгеге көзді сүздіртіп» (Мақатаев, 1994, 40-б.), – деп, өзгені емес өзін кінәлай келіп, бар кемшилікті өзінен іздеуі ақындық мәртігі деп қараған жөн.

Тілімізде көне замандардан бері дамып, сұрыпталып, толығып сөздік құрамында жасалған сөздер ақын поэзиясында жаңа мәнге ие болу тілдік тұрақты құбылыс екені белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, осы өлеңіндегі «Жақсылығыма қорымай», «Өләпат менің намысым» деген екі жолдағы асты сыйылған сөздерге назар аударып, оны ақын қолданып отырғанына мән берелік.

Ақын қолданылған «қорымай» сөзін бір қарағанда, үйқастық тұрғыдан алған десек те, біздіңше, тілімізде «жақсылыққа жору» тіркесі барын ескеріп, мүмкін, баспадан кеткен қате шығар, дұрысы: «жорымай» – деп те ойлаймыз. Алайда, қоры сөзі Сөздікте: «Қоры I. Бір нәрсені басқадан қорғау, қорғаштау, қарауылдау» (Жанұзаков, 2008, 523-б.) мәнінде

¹ Ескерту: Сөздікте (Жанұзаков, 2008, 243-б.): «Жабы сөзі - қазақ жылқысының нашар, қарабайыр түкімі» мәнінде келетінін ескеріп, ақын өлең контекстіне қарай, осы мағынада қолданылуы мүмкін деп ойладық.

келетінін ескерсек, ақын «қорымай» сөзін «жақсылығыма» сөзімен тіркес жасап, «ұміттенбенеу, талпынбау, жорымау, қорғамау» мәнінде қолданылуы мүмкін-ау деген ойға жетелейді. Қалай десек те, ақын айтпақшы ойының стильдік талабы мен талғамына қарай, етістіктің болымсыздық мәндегі қосымшасы арқылы өлең үйқасын нәрлендіріп тұр. Ал ақын «Өләпать» сөзін біздіңше, аузызекі сөйлеу тіліндегі «өлә» (*бұл жерде таңдану*) және «пат» (*бұл жерде шиара сөзі ретінде, патшагар сөзінің түбірі*) сөзінің бірігуінен жаңа сөз жасап, «өләпать» сөзі мәтінде «өлсемде» сөзінің мағынасында қолданылып тұрған секілді. Әрине, бұл асты сызылған сөздерге қатысты біздің пікіріміз. Сондай-ақ, ақын қолданылған «қүресін» (*мағынасы: «бір жерге үйіліп қалған қоқыр-соқыр»* (Жанұзақов, 2008, 433-б.) сөзі қазіргі тілімізде мұлдем қолданылмайды десек артық айтқандық емес. Сонымен, тіліміздегі сөздік қордағы бар сөздерді ақын өз поэзиясында ұтымды, шебер қолданыла білгенін аңғарамыз. Бір сөзбен айтқанда, ақынның «Өзіммен өзім (Басқаларға қатысы жоқ)» атты өлеңі кешегі халық ауыз әдебиетінің өкілдері адамның жасына қарай әртүрлі кезеңдердегі атқаратын рөлі туралы жырлаған ақындар мектебінен үлгі алғып, поэзиясындағы көрінісін, оның өзіне дейінгі ақындар шығармаларымен таныс, сабактасып жатқанын байқаймыз. Сонымен бірге, ақын өлеңінде тағы бір көтерген мәселесі қоғамнан бөлінбейтін адами құндылықтар арқылы азаматтық қоғамды дамыту, патриотизм рухында тәрбиелеу, қазақ мәдениеті мектебін қалай қалыптастыра алуға болады? деген сауал төнірегінде жауп іздеуге талпынғанын көреміз.

Осы жерде, жазушы Т. Әбдіковтің «Еңбекпен келген даңқ – ақын үшін үлкен бақыт», – дегендей, бірақ нағыз ақын қашан да халқы бақытты болғанда ғана өзін бақыттымын дейтініне сенсек, кешегі қайта оралмас дәуірде оны түсініп тұрып, түсінбесе де, бүгінде поэзиясымен қазағын, оның ішінде ТМД елдері ақындарын да мойындаған Мұқағали аға – бақытты ақын.

Бақытты ақын поэзиясының тағы бір ерекшелігі – қазақ ән әлемінен берік орын алуы. Біздіңше, сазгерлердің оған бірнеше себептері бар: *біріншіден*, ақын поэзиясын шексіз суюінен, *екіншіден*, өлеңдері өздері-ақ әуені сұранып тұруынан, *үшіншіден*, ақын поэзиясының халық жырларымен сабактасып жатқанынан, *төртіншіден*, ақын поэзиясында халықтың елдігі мен ерлігі, қайғы-муңы мен қуанышын суреттеген өлеңдеріне асқан талғампаздықпен ән шығаруы дәлел.

Соның бірі – «Есіңе, мені алғайсың!» (Наурыз, 1975) атты өлеңіне іштей үңілсек, ақын жылдың төрт мезгіліндегі табиғат құбылыстарын әрбір шумақ жолдарымен мынадай сәттерді көз алдыңа алғып келеді. Бұл – біздің жеке ойымыз, бір сәт, оны бірнеше қырынан қарастырсақ:

- оянған бала махаббаттың сәтсіз аяқталуы;
- арадағы достық қарым-қатынастың шынайы сыйластыққа, достыққа ұласпауы;
- достықтан махаббатқа ұласып, өткенді сағынышпен еске алуы;
- ағайын-туыстың бір-біріне деген махаббат-сағынышын еске алуы;
- ақынның өмірге деген бітпейтін сағынышы, ерте ме, кеш пе дүниеден өтетін сәтімен сырттай қоштасуы.

Бір сөзбен айтқанда, ақын адамның жастық шағында басынан өтетін біз сипаттаған осынау белгіні, болмысты «Адам-Табиғат-Қоғам» үштағандық жүйемен байланыстырып жырласа, ал сазгер Л. Әбдіхалықова оны ән әуенінде әлділей білді. Сөйтіп, ақын өлеңі ән әуенімен ұштасып, қазақтың ән әлемінде қалықтап, халық қошаметіне ие болуда. Ақынның ән болып қалықтаған өлең жолдары үзінділеріне назар аударалық.

Көктем:

«Нұр жауып тұрған көктемде,

Гүл тере барсан бөктерге ...

Есіңе, мені алғайсың!

Жаз:

Тұнжырап тұрған орманға ...
Жоқ деген сөзге алданба,
Есіңе, мені алғайсың!

Күз:

Жапырақ жанып жатқанда ...
Ағаштар мұнға батқанда,
Есіңе, мені алғайсың!

Қыс:

Ақ қырау тұрған ақпанда,
Ағаштар сырға таққанда ...

Есіңе, мені алғайсың!» (Мақатаев, 1994, 210-б.), – деген жолдарды, кейде ағайын-туыс, құрбы-құрдас, достар арасындағы махабbat-сағынышы тұрғысынан қарасақ, онда бірі – ағайыс, енді бірі – құрбы-құрдас, дос, т.б. шынайы сыйластық арасындағы сонау бір қарым-қатынастағы қуаныш пен мұнайған сәттеріндегі көз алдыңа алып келсе, кейде ерте ме, кеш пе өмірден өтетін білген ақын жақын адамдарымен сырттай қоштасуы секілді. Ақынның ақындығы басқаша ойлайтындығында десек, осы өлеңін аясында оның өмірге деген құштарлығын, бітпейтін сағыныш сезімін өзімізше ойлап, пікір айтудың деп қараған жөн.

Жыр шумақтарынан түйгендік: уақыт өте келе, сағынышпен сол бір өткен күндерді еске алуы, қателікті өзінен іздеуі ақын кредиторы болса керек.

Ақын Қадыр Мырзәлиевтің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» атты сөзі бұл күнде афоризмге айналғанын білеміз. Бүгінде қазақ брендісі домбыраның шығу тарихын айтпағанда, ол туралы талай ән-жырлар өмірге келді, қазагы бар да домбыра әлі де жырлана береді.

Зерттеуімізге негіз болып отырған ақын Мұқағалидің «Дариға, домбырамды берші маған» атты өлеңінен (1975) өзінің мұн-шерін, сырын бүгінгі қазақ брендісі домбырамен сырласу арқылы ішкі сезімімен бізде домбырамен үндесіп, онымен бірге құй кешеміз.

Өлең идеясы «Ақын мен домбыра» арасында өрбиді.

Осы жерде, ақын көпті көрген, ақылгөй адам бейнесінде жанына жары мен баласын алып, домбырасын шертіп, одан әрі «Домбыра сенбісің?!» деп, үн қатып:

«Бабамның көзімісің,

Данамның сезімісің?

Жаралған сезім үшін

Мазасыз жүргімнің өзімісің» (Мақатаев, 1994, 157-б.), – деп, айшықты сезімін, жүргегінің үнін домбырамен түйіндейді. Бұл – өзгеге ұқсамайтын өзі әдилеген ұлы жүректің лұпілі, үні мен ішкі сезімін ләззат алып, дүйім жүрртты селт еткізген ақын дауысы.

Ақын кейде бір сәт домбырасын қолға алмай, өлең жазбай қалған жай-қүйін, ішкі сезімін өзін жетімсіреген домбыраның ішегіне теңесе, ал енді домбырамен сырласқанда қүй болып шалқып, жаз болып жадырап, ән-жыр болып төгіліп, шабытына шабыт қосылып, арман-мақсат-қуанышының, мұнды мен сырның үні болып, айналып ұшқан аққу-қаздарымен тілдесіп, асқан пафоспен жырлайды.

Біздіңше, осы өлең жолындағы «аққу-қаз» қосарлы сезіді ақын: біріншіден, оны адальдықтың, сұлулықтың символы ретінде; екіншіден, домбыраның үнін бірде – «аққуға», енді бірде – «қазға» теңеу түрінде қолданылуы мүмкін. Иә, солайы солай-ақ болсын. Бірақ та ақын «...Жаныма келші, жарым, келші, балам!» – деген өлең жолымен басталып, «...Айналып үшсін аққу-қазым менің», – деп аяқталған өлең жолына мән берсек, оның алғашқы тыңдаушысы, сүйенері – сүйген жарын – «аққуға», баласын – «қазға» теңеуі әбден мүмкін-ау деп ойлаймыз. Бұл – ақын қолданған «аққу-қаз» сезі төңірегіндегі ой-болжамымыз. Ал осы ақын өлеңіне деген халық махаббатын сазгер Т. Рақымов әнімен әлдилеп, ел жүргегінде мәңгілік орын алып, шырқалып келеді.

Жоғарыда айтқанымыздай, ақын поэзиясын шексіз сүйген халқының шынайы махаббаты, мысалы, «Наурыз-Думан» өлеңіне әнін жазған Т. Сарыбаев, «Сағыныш бесігі» әні К. Палымбетова, «Мен сені, ұнатамын...» әні М. Жұнісова, «Қариялар, азайып бара жатыр» әні К. Құрманәлиев, т.б. өлеңдеріне ән жазған авторларды осылайша тізе беруге болады. Бір сөзбен айтқанда, ақынның ән әлеміндегі өлеңдерін музыкалық түрғыда зерттеу – өз алдына жеке проблема.

Осы жерде ескеретін нәрсе: мен әнші, не музыка зерттеуші (музыковед) емеспін. Бірақ заман ағымына қарай, ән де құлпырып, түрленіп, орындалып отыратыны заңдылық. Ұлы хакім Абай «Әннің де естің бар, есері бар», – дегендей, осы салада жүрген әншілер ақын сөзіне жазылған әнді, тіпті, кез келген әнді орындауда түрлі иірім, ырғаққа саламын деп, ақын мен сазгерлердің алғашқы түп нұсқасын бұзбаса екен деген арман-тілек. Бұл – менің әншілерге және оларды өңдеуші мамандарға қояр талабынан гөрі, оларға ой-түрткі салу үшін айтылған пікір-ұсыныс немесе жәй фәлсапиялық ой-болжамым деп қабылдаған жөн болар.

Бір макалада аясында Мұқағали ағаның өлеңдерін жан-жақты талдап шығу мүмкін емес, тек Мұқағалитану ілімін зерттеушілерге ой салу.

5 Қорытынды

Зерттеу объектімізге орай, кез келген адамның басында кездесетін өзімізге таныс-ау деген оймен ірікте алған ақынның кейбір өлеңдеріне тоқталып, оларды бастан кешкендей көз алдымызға елестетіп, хал-қадірімізше оқырман назарына ұсындық.

Қорыта келгенде, «Жылап қайттым, өмірдің базарынан» атты жинағынан талдап-зерттеуге алған ақын өлеңдерінен ой түйгеніміз: олар (әміршілдік-әкімшілдік жүйе) ақынды сол сәтте түсінсе де, түсінгісі келмеді-ау, – деп ойлаймыз. Иә, бұл – өмірде, қоғамдағы кез келген салада, тіпті, отбасында да жиі болатын заңдылық (түсіне отырып, түсінгісі келмейтін). Осы орайда, ақын Т. Молдагалиев: «...Табиғаттың тебіренген, қуанған шағының перзенті ақын десек, сол перзенттің иесі де, іздеушісі де оның халқы. Халқы аманда ақынға өлім жоқ» (Мақатаев, 1991, 14-б.), – дегендей, ақын поэзиясын сүйген халқы бар да, ол – мәңгілік.

Қазағы бар да, Мұқағали әлемі биіктей береді.

Сөз соңында айтарымыз: анызға айналған Мұқағали жырларын «толық адам» аясында танымдық-тілдік түрғыдан зерттеу – болашақтың ісі.

Әдебиеттер тізімі

1 Абай. Қалың елім қазагым: Шығармалары. – А.: Жалын, 1995. – 384 б.

2 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық / Жауапты шығ.: М. Байділдаев. Т. 2/ Құраст.: М. Байділдаев, М. Мағаунин. – А, 1984. – 336 б.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы ред. басқ. Т. Жанұзаков. – А.: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

4 Мақатаев М. Жылап қайттым, өмірдің базарынан. Жыр кітабы. Құраст.: Л. Әзімжанова. – А.: Жалын, 1994. – 256 б.

5 Мақатаев М. Өлеңдер, поэмалар. Т.1. Соғады жүрек / Құраст.: Л. Әзімжанова, С. Дәүітов. – А.: Жазушы, 1982. – 320 б.

6 Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1: Өлеңдер мен поэмалар / Құраст.: Л. Әзімжанова. – А.: Жазушы, 1991. – 368 б.

7 Тоқаев Қ.-Ж. Абайдың 175 жылдығы тойланады // <https://almaty.tv/kz/news/kultura-i-shoubiznes/1525-kazakhstan-gotovitsya-otmetit-175-letie-abaya> (қаралған күні – 29.10.2019 ж.).

8 Тоқаев Қ.-Ж. Максатым – экономиканы және егемендікті нығайту // Мемлекет басшысының «Ana tilі» газетіне берген сұхбаты (қаралған күні- 03.01.2025ж.).

**КОЖАНУЛЫ, М.
ОБЛИК МИРОВОЗЗРЕНИЯ МИР МУКАГАЛИ**

В статье рассматриваются некоторые поэмы Мукагали Макатаева с точки зрения пропаганды духовно-познавательной направленности, отражающей реалии среды, в которой он жил. В казахской поэзии легендарный мир Мукагали переплетается с произведениями великого Абая, с критериями «полного человека». Стихи поэта следуют примеру предшествующей ему школы поэтов, передавая человеческий капитал, играющий ведущую роль в обществе, они созвучны сегодняшней программе «Рухани Жаңыру», «Общество справедливости, честного гражданина». Автор статьи отмечает такие шедевры поэта, как «Темірқазық», а также путем анализа и изучения мира Мукагали, его творчества на темы Отечества, Родины, чувства патриотизма, нравственности и др. способствует развитию Мукагаливедения и изучению развития отечественной науки в духовно-культурном познавательном контексте.

Ключевые слова: стихи Мукагали, справедливое общество, честный человек, критерии «полного человека» (ум, мощь, сердце, труд), нравственность, патриотизм.

**KOZHANULY, M.
THE CONCEPT OF MUKAGALI'S WORLDVIEW**

The article examines several poems by Mukagali Makatayev from the perspective of promoting spiritual and cognitive values, reflecting the realities of the environment in which he lived. In Kazakh poetry, the legendary world of Mukagali is intertwined with the works of Abai, with the criteria of a «complete man».

The poet's works follow the tradition of the poetic school that preceded him, conveying human capital as a driving force in society. His poetry resonates with today's national programs such as "Rukhani Zhangyru" and "A Society of Justice and Honest Citizens". The author of the article highlights Makatayev's masterpieces, such as "Temirkazyk", and through analysis and exploration of Mukagali's worldview and his works on themes of homeland, patriotism, morality, and more, contributes to the development of "Mukagalistics" and the study of national science in a spiritual, cultural, and cognitive context.

Key words: Mukagali's poems, just society, honest man, criteria of a «complete man» (mind, might, heart, work), morality, patriotism.

Авторлар турали мәліметтер:

Қожанұлы Манасбай – филология гылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Кожанулы Манасбай – кандидат филологических наук, профессор, Национальный университет обороны Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан.

Kozhanuly Manasbay – Candidate of Philological Sciences, Professor, National Defense University of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 81'38; 801.6; 808

Қожанұлы, М.,
филология гылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс
университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

ПОЭЗИЯДА ШЕКАРА ЖОҚ...
(Ақын Мұрат Пұшатайұлының өлеңдері хақында)

Түйін

Мақалада Баян-Өлгейдің тұмасы, ақын Мұрат Пұшатайұлының кейібір өлеңдерін негізге алып, өзі өмір сурген ортаның шындығын қаз қалпында суреттеп, ой толғамдарын рухани-танымдық түрғыда қарасты-

рылады. Ақын өлеңдері өзіне дейінгі ақындар мектебінен үлгі алып, қогамда жетекші ролі атқаратын адам қапиталын асқан шеберлікпен, дәлдікпен жеткізуде, бүгінгі еki елдің «әділдік, адаптацияның қозғаласымен үндесуде. Автор, ақын жырларындағы Отан-Ана, тұган жер, отаништырылдық сезім, адамгершілік, т.б. бағыттағы тақырыптарын рухани-мәдени танымдық тұрғыда саралап, зерделеу қазақ-моңғол әдеби-мәдени байланысының дамуына ықпал етеді деп санайды. Келешекте моңғол жеріндегі қазақ ақындарының толық антологиясын шыгару арқылы ұлт тілінің байлығын молайтуға септігі тиері сөзсіз. Сонымен бірге, ақын мен ән жазған сазгер арасындағы әуендейтік әншіге, не әнді өңдеушіге қатыстырылығы жөнінде де ой-пікірін ұсынады.

Түйінді сөздер: Мұрат өлеңдері, адамгершілік, тұган жер, отаништырылдық, әділ қоғам, адаптация.

1 Кіріспе

Сонау ықылым заманнан бері Қазақ Даңасында мекен еткен ақын-жыраулар жырларында халқының бүкіл арман-мұраты, қуанышы мен қайғысы, жеңісі мен жеңілісін, олар (акындар-астын сыйған біз) өз тағдырынан халық тағдырын биік қоя білгенін көреміз.

Соның жалғасы, солардың бірегейі, бүгінде поэзиясымен Баян Өлгей қазағын, моңғол ақындарын мойындастып қана қоймай, оның ішінде қазақтың поэзия сүйер қауымының көзайымына айналған Монголия жазушылар одағының мүшесі, қоғам қайраткері, ақын-жазушы, өр Алтайдың мұзбалақ ақыны Мұрат Пұшатайұлы.

Осы орайда, Қазақстанның халық жазушысы, қазақ поэзиясының абыз ақсақалы, ақын Ә. Тәжібаев кезінде В. Белинскийдің поэзия туралы айтқан сынни пікірін Абай поэзиясына тән десе, кейін осы пікірін қайталап, Мұқағали поэзиясына да ортақ деп, одан әрі: «...Біз осы кудыретті белгілердің бәрі де Мұқағали поэзиясынан да түгел табылады дейміз» (Мақатаев, 1982, 7-б.), – деп жазғандай, асты сыйылған жолдарды Мұраттың табиғи, әрі ізденіс-еңбегімен келген талант-дарынының арқасында деген ойға итермелейді. Жоғарыдағы ақын ағаның ұлы Абайға, Алатаудың ақының ақыны Мұқағалиға берген бағасын Мұрат өлеңдерімен қатар қойып, мактауын асырып жібергенім де болар. Оқырман, бұл менің жеке көзқарасымды, «жүлдіздай жанып, ерте сөнген», бергенінен берері көп досқа деген шынайы сүйіспеншілігім, құрметім деп білгені абзal.

2 Материалдар және әдістер

Зерттеу обьектімізге қазақ-монгол әдебиетіне ортақ ақын М. Пұшатайұлының өлеңдері қазақ поэзиясында әлі де сөз етілмегені назарға алынып, оларды танымдық тұрғыдан қарастырылды. Мұның өзі өнер әлемінде, соның ішінде поэзияда шекараның жоқтығының тағы бір дәлелі болса керек.

Зерттеу барысында ақынның «Халқым деп қанат қақтым мен...» (Пұшатайұлы, 2024) атты жинағындағы кейбір өлеңдерін талдауда, өзіне дейінгі ақындар поэзиясы Абай, Бейімбет, Мұқағали жырларымен таныс екендігі және олардан үлгі алғандығы, сондай-ақ ғылыми-ақпараттық ресурстарымен бірге, Қазақстан Республикасының Президенті К.-Ж. Тоқаевтың, ғалым Т. Жанұзақовтың пікірлері назарға алып, салыстыру-бақылау, талдау әдістері қолданылды. Бұл зерттеу оның шығармашылық мұраларын тануға мүмкіндік береді.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеуге негіз болған ақынның «Халқым деп қанат қақтым мен...» (Пұшатайұлы, 2024) атты жинағындағы «Студент дәптері» жыр жинағы», «Сезімнен сылқым сыр ұғып» бөлімдеріндегі өлеңдері негізге алынды және оны тебірене, толқи оку мүмкін емес. Жинақтың аталған бөлімдерінде кешегі бала ақын-жігіт, бүгінде «отызында орда бұзып», айналасындағы әміршілдік-әкімшілдік солақай саясаттың іс-әрекеттерін көзімен көріп, құлағымен есітіп, қолымен ұстап, сол ортада жүрген кезеңін ішкі жан дүниесімен қаз қалпында өрнектей білген, ақынның кейбір өлеңдері назарға алынды. Сондай-ақ, ақын өлеңдерін талдап-зарделеуде қазақ поэзияның бойтұмарлары Абай, Мұқағали жырлары арасындағы сырттай

сабактастық, үндестік бары назарға алынды. Соның бірі – ақынның «Адамдар көп сыртынан жылтыраған», – деп басталатын өлең жолында:

«...Мен жүрмеймін ешкімді егестіріп,
Көрсетпеймін ешқашан әбес қызық,
Сондадағы біреулер мазалайды,

Көзім тайса сыртынан кенес құрып» (Пұшатайұлы, 2024, 97-б.), – деп, асты сызылған жыр жолдарынан студенттік кездерімізде кейбір жігіттердің айтқан астарлы әзіл-қалжың сөздеріне мән беріп, (*Мұрат сөзімен айтқанда, көре алмаушылық, күншілдік*) тоқтау айта білген сәттері көз алдыма келді («*көңілге алмаңдар, кейін өкінеді*», бұл – *Мұрат сөзі*). Сонау студенттік кезде ол жағымпаздықты, ку тілді «жылпос» жігіттерді ұнатпайтын, себебі, оның бала кезден қанына сіңген қасиеті сияқты болып көрінетін. Ал жоғарыда аталған өлеңінің қою әріппен белгілеген соңғы екі жолына мұқият қарасақ, Мұқағали Мақатаевтың «Фаризаға» арналған:

«...Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,
Тастағысы келеді куресінге.

Фаризажан, сен оны білесің бе?..» (Мақатаев, 1994, 207-б.), – деген жолдарын еске түсіреді. Меніңше, осылайша Мұрат пен Алатаудың ақыны Мұқағали арасындағы байланысты немесе үндестікті көреміз. Бұл жерде басы ашық нәрсе: ақын Мұрат Мұқағали поэзиясымен жақсы таныс еді. Иә, Мұрат ақын, осы адам баласының бойындағы көре алмаушылық, күншілдік қасиетін «*Бұлқынайын демеймін, жұлқынайын*» атты өлеңінде адамдар арасындағы күншілдіктің кейбір қыр-сырын сөз өрнегімен, яғни:

«...Бұл күншілдік адаммен бірге туып,
Жанмен бірге сонында өледі екен.
Бұл табиғат қызық қой адамдарға,

Жақсы, жаман бәрін де береді екен» (Пұшатайұлы, 2024, 162-б.) – деп, философиялық оймен түйіндейді. Бұл – ақынға тән мінез. Эрине, біздің пайымдауымыз.

Жоғарыда аталған ақынның екі өлеңінен түйгеніміз: қазақ қоғамында ғана емес, шет елдерде де «жақсы мен жаман», «күншілдік», «сыбайластық», «жалақорлық» бар екенін алға тартып, осы жаман әдеттен қалай құтылудың жолын іздеген, тұптің түбінде бір жақсылықтың болатынын, яғни «Адам болам десеңіз» деп, ұлы Абай ұсынған «*толық адам*» өлшемдеріне (ақыл, қайрат, жүрек) сеніммен қарағанын байқаймыз.

Осы жерде, ақын Мұрат өлеңдерінен (мысалы, ұлы ақын Абай атын жиі қайталауы («*Қолына алып әманда*», «*Ел көшкенде*», т.б.) Абай айтқан «*толық адам*» концепциясынан іздесек, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «*Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан*» атты мақаласында: «*Біз Абайдың «толық адам» (астын сыйзған-біз)* тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуды қажет. «*Толық адам*» концепциясы, шындал қелгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» (Тоқаев, 2019, 2-б.), – деп жазғандай, ауасын жүтүп, сүйн ішіп, «*тонның ішкі бауындей*» болған туған жері Монғолдың Өлгийінің көркөюіне жырымен үн қосқан, ақын поэзиясынан да байқау қысын емес.

Біздіңше, Мұраттың көре алмаушылық, күншілдік, жалақорлық тақырыбына жиі оралуы, сонау жігіттік кезеңдегі ұлы Абайдың «*Серіз аяқ*» атты өлеңіне елікеп жазған өлеңінен (Пұшатайұлы, 2024, 31-34-б.) бастау алса керек деп ойлаймыз. Бұл – менің жеке пікірім.

Мұрат ақын өмірде, кез келген адамның басында болатын, тіпті, ағайын-туыс, досжаран, бауырдың да теріс айналатын сәттерін:

«Інім, сен, – деп ойлама,
Ағайын шалғайда», – деп.
Хат жазсам алмай ма, – деп,

Ал егер ала қалса,
Бір жауап жазбай ма, – деп...» (Пұшатайұлы, 2024, 128-б.), – десе, енді бірде:
«Тұысқаным бекерге өкпелейсің,
Үмітінді мұлде үзіп кетпегейсің...» (Пұшатайұлы, 2024, 151-б.), – дейді. Ал
Мұқағалида:

... Достарға, жолдастарға не жазып ем,
Не жазып ем бауырға, туысқанға?!» (Мақатаев, 1994, 21-б.), – деп жазғандай, жоғары-
дағы өлең жолдарынан екі ақында өскен ортасына өзінің басындағы пұшайман күй кешкен
сәттегі іштей күйзелісінен туған, өмірден түйген ақын шындығының жыр шумақтары деп
қараған жөн. Меніңше, Мұраттың ақын Мұқағали жырларымен сабактастырын осындағы өлең
жолдарынан көруге болады.

Мұраттың тағы бір «Әкесі мен баласы» (Пұшатайұлы, 2024, 176-б.) атты өлеңінен көз
алдыңа күнделікті әке мен бала арасындағы сөзге келу диалогынан кешегі әдебиетіміздің 20-
жылдардағы Б. Майлиниң Мырқымбай бейнесі келеді. Мысалы, ақын:

«Бір-біріне беріспей,
Қабақтары келіспей,
Жеке-жеке көретін болды.
Дәүллеттерін бөлетін болды.

- Теледидарды кім алады? – деді баласы
- Сен алмайсың.
- Неге?

- Мұндай жаман теледидарсыз-ақ амалдайсың» (Пұшатайұлы, 2024, 176-б.), – деген-
дей, бір қарағанда, әке мен бала арасында болып жаттын сөзге келуі, пікір қайшылықтары,
яғни қоғамда болып жатқан ескі мен жаңа арасындағы тартыс, бір кездегі ортақ дүниенің
бөлінуі және оны «теледидар» арқылы түйінде, әлеуметтік деңгейге дейін көтеруі ақын
шеберлігі деп қараған жөн. Тек айырмашылығы: Бейімбетте оқиға кешегі ішкен-жегенін ар
алдыңда жауап берген Мырқымбай арқылы өрбісе, ал Мұрат поэзиясында әке мен бала
арасындағы реніш немесе келіспеушілік, яғни бұрынғы ата кәсіпті дамыту үшін қоғамға
келген жаңа леп, жаңа ұғым-түсінік бизнес арқылы өрбітеді (*біздіңше, бұл өлеңінде ақын*
бизнесі/кәсіпкерлікти меңゼп тұрған сияқты – астын сызған біз). Біз, бұдан ақынның
қоғамда «әділдік, адалдық, адаптация» жаңа буын ұрпағының өсіп келе жатқанын
аңғартады.

Аталған жинақты оқығанымызда, ақынның 1998 жылы жазылған «Замана тынысы»
(Пұшатайұлы, 2024, 95-97-б.) атты өлеңіне ерекше назар аударған жайымыз бар.

Біз, бұл өлеңнен сырттай қарағанда, 90-жылдары КСРО құрамындағы он бес одактас
республиканың ыдырауы процесіндегі жайттар, соның ішінде Қазақстандаған емес, бұл
алыс-жақын шет елдерде, яғни Монголия мемлекеті де бастаң өткізгенін, ақын соны көріп,
журегімен сезіп, КСРО-ның ыдыраған бет-бейнесін тізбектеп, көз алдыңа алып келеді.
Мысалы:

«Замана қадамы бұлініп келеді,
Салмақтан адамы бүгіліп келеді.
Жоқшылық, тапшылық тас буып өңешін,

Ертеңгі күнінен түңіліп келеді» (Пұшатайұлы, 2024, 95-б.), – деп, бұл жағдай әлем
елдерінде жайлап бара жатқан індегі екенін, одан әрі айналасындағы мемлекетаралық қарым-
қатынас жасап жүрген ортаға да мүмкіндік бермегеніне налиды, күйінеді. Бұл – өзгеге емес,
бізге де қатысты, – дей келе:

«...Монголдың даласы, қазақтың панаңы,
Осы ғой әзірше тұрағым, мекенім ...

Ел жеткен биікке жетсем деп келемін... » (Пұшатайұлы, 2024, 96-97-б.), – деп, Баян Өлгійдің гүлденіп, көркеюін армандаған ақын мұратының жүрек түкпірінде Тәуелсіз Қазақ елінің болашағына деген арман-қиялдың аңғарамызы.

Ақынның осы өлең өрімдерін оқи отырып, шумақ бар жерде тармақ, тармақ бар жерде бунақ бар. Сол бунақтың ырғағынан қазақтың жырау мақамының лебін сезінгендей боласың. Бұл – менің жеке пікірім. Себебі, осы өлеңге ән жазған сазгер Ұшқын Жамалбектің орындауда шырқалған ән іірімі ақын сөзінің жырау мақамындағы үнін дәл тауып, үлкен пафоспен орындауы – Мұраттың еске алу ән-концерті кешінде соның күесі болдық.

Ақынның аталған өлеңін сырттай салыстырмалы түрде «АҚЫН/АДАМ – ОРТА – ЕҢБЕК» үш тағандық қарым-қатынас аясында қарап, қоғамда жетекші рөл атқаратын адам қапиталын асқан шеберлікпен, дәлдікпен және екі елдің қоғамы» бағдарламасындағы үндестікті жеткізуі, міне, ақын құдыреті «Замана тынысы» деуі осында жатса керек.

Сонау XVIII ғасырда қазақтың қайғы-мұңын жоқтаған, кешегі, бүгінгі ұрпақтың жадында сақталған авторы белгісіз «Қаратаудың басынан көш келеді...» деп басталатын халық әні жаңғырып тұрса, сол әннің жалғасы іспеттес – үш ғасырдан кейін, яғни XXI ғасырда дүниеге келген Мұраттың «Ел көшкенде» өлеңі (әнін сазгер Бержан Файзоллаұлы). Бүгінде бұл ән сонау ата-қоныстан жырақта өмір сүріп жатқан қазақтардың ән ұранына (гимні) айналғаны баршаға мәшінр. Сонымен, ақынның осы өлең жолына назар аударсақ:

«Шайқалмасын ауылымның тұнықтары,
Дәстүр салтын Қазақтың ұмытпады.
Ел намысын қорғайды, жер намысын,
Тірі қалған алтынның сынықтары.
... Орыс-Монгол арасының,
Дәнекерім қалашығым.
Ұлы Абайдың ұрпақтары,

Мен Қазақтың баласымен» (Пұшатайұлы, 2024, 466-б.), – дегендей, ақын жүргегі қазақтың арлы-берлі тарихының прототипі ретінде өзі өмір сүріп отырған орта Баян Өлгій қазақтарын өлеңінде өрнектей білсе, ал сазгер (Б. Файзоллаұлы) одан әрі халық әнінің әуенін заманауи ән ырғағымен нәрлендіріп, ақын жырын әлділей білген. Бұдан ақын өлеңі мен сазгер үні бір арнада тоғысып, әннің ұранға (гимн) айналу сиро осында жатса керек.

Осы жерде, қазақ жерінде кешегі 90-жылдары Ұлы көшті алғаш бастағандардың бірі алыста жүрген Монғолдың Баян-Өлгій жеріндегі ағайынның бойтұмарына, символына айналған осы «Ел көшкенде» өлеңінде ел сағынышын, ақын, ішкі-толқын сезімін, шынайы күйін Монғол жеріндегі жер-су, ру аттарын рет-ретімен, орнымен қолданылып, жырлағанын көреміз. Мысалы:

«...Керей, Уақ, Найманым.

Кімге тастап барасын.

Баян-Өлгей аймағын!» (Пұшатайұлы, 2024, 462-б.), – деген астының сөзінде «баян» сөзіне назар аудардық. Тарихта, XIV ғасырда Ақ Орданың Баян атты ханы болғаны белгілі. Сондай-ақ, «Монғолдың құпия шежіресінде» (Шежіре, 2009, 208-б.; 204-б.) (одан әрі-Шежіре) «Баяд, Баяуд, Баягид» ру-тайпа аттарымен бірге, «Баян улаан» жер атын кездестірдік. Бұл жерде, осы аймақтағы **Баян** атауын Шежіредегі **Баяд**, **Баяуд**, **Баягид** ру-тайпа, **Баян улаан** жер атымен және **Баян** атты ханымен байланысты емес пе екен деген мәселенің басын ашық қалдырып, сыртқы формасы ұқсас келетін **Баян** ру атымен байланыстыруды жөн көрдік. Себебі, қазақтың үш жузі құрамындағы **баян** руларын былай қойғанда, Ш. Құдайбердіұлы (Құдайбердіұлы, 1991, 65-б.) Енисей [(Енисей өзені Тувадан басталып, Батыс Саян жоталары (Шығыс Алтаймен шектеседі, астын сыйған-біз) арқылы Карск теңізі, яғни Солтустік мұзды мұхитқа дейін)], түрктерінің ішіндегі кузнецкий татарында телеуітпен аралас осы аттас (**баян**) руы бар екенін көрсетсе, академик А.Н. Кононов түркмен-օғыздар руында кездесетін **баян** руы өзінің этномінің қысқарған формасы **баян** руы деп, «**бай**, **байан**» «**бай**» мәнінде, - дейді. Егер Енисей өзенінің аңғары таулы Алтаймен шектесетінін

ескерсек, онда жоғарыдағы көзқарастардан Қытаймен шекаралас жатқан Монголияның әкімшілік аймағы Баян-Өлгій/Өлгей (қазақ тілінде «Бай өлкө») атавы құрамындағы баян о баста ру атына қойылуы мүмкін-ау деген ойға итермелейді. Әрине, бұл – біздің пайымдауымыз.

Жалпы алғанда, маған курсасындықтың сыртта жүрген ағайындардың бойтұмаратына айналған «Ел көшкенде» атты өлеңі, аталған Жинақтың «Студент дәптері» жыр жинағы» бөліміндегі «Көш» (Пұшатайұлы, 2024, 17-20-б.) атты өлеңінің соңғы түйіні, байламы болып көрінеді.

Тоқсан ауыз сөздің түйіні: ақын М. Пұшатайұлы нені жырласа да туған жерді ме, асыл ананы ма, айнымас достықты ма, табиғатты ма, ата қонысы қазақ жеріне деген сағынышы дейсін бе, бәрі-бәрі – өзінше ешкімге ұқсамайтын тың байламдар жасау – оның шығармасына тән ерекшелік. Және бір қызығы: ақынның айттар ойы, сезімі кейіпкер тағдыры емес, өз тағдырымен тікелей астасып жатады. Ол сөз маржаны мен поэзиялық бояуларын халықтан («Тіл-Сана-Ұлт»), ал олардың әлемін «Адам-Табиғат-Қоғам» (Ә. Қайдар) аясындағы үштікаралық қарым-қатынастан іздейді.

Кез келген ақын поэзиясында тіліміздегі кейбір сөздердің жаңа мәнге ие болуы тілдік тұрақты құбылыс екені белгілі. Осы заңдылықты ақында сырт айналып өте алмайды. Соның бірі - оның «Поездадағы тамаша ырғағпенен» атты өлеңінде:

«...Шежірелі ел, қашаннан көш қалып,

Өжеттіктен үйренген өнеге алып.

Үйрілген құлынды бие бауға,

Қыз бер жігіт барады көнек алып» (Пұшатайұлы, 2024, 184-б.), – деген асты сызылған көнек сөзі [(магынасы: «*1. Қебінесе бие саууга арналған, көннен жасалған шүмегі бар ыдыс*»] (Жанұзаков, 2008, 413-б.); Галамторда: «...*Көнек – бие саууга қолданылатын ыдыс. Көнектің кейбір түрлері бие сүтін сақтау үшін де қолданылады*» (Көнек, 2025) қазіргі тілімізде мұлдем қолданылмайды десек артық айтқандық емес. Сондай-ақ, тіліміздегі «уат, уату» сөзі «жұбату» мәнін білдірсе, ақынның сөз саптауында сөздік қорда бар, бірақ оны ауызекі тілде мұлдем қолданыла бермейтін синонимі «уан» түрінде алғанын байқадық. Мысалы:

«...Біз уандық ал, Есентай еш уанар болмады.

Карияның есі кетті ебіл-дебіл ентігіп,

Есентайдың қалған екен қабырғасы мертігіп» (Пұшатайұлы, 2024, 170-б.), – деген асты сызылған сөзді уан, магынасы: «*Жылаганың қоя қою, жұбану, көңілдену, риза болу*» (Жанұзаков, 2008, 850-б.) «жұбану», «жұбату» мәнінде қолданылған.

Осы орайда, ақын қолданылған уан (уән/ван) сөзі «риза болу, көңілдену» мағынасымен бірге, қазақ рулаты құрамында ру аты, әскерде дивизия мәнінде, адам аты (Уан хан – Шыңғысхан заманында), жер-су атавы (Уан – ертеде ауыл, Шығыс Қазақстан облысы) түрінде кездесетінін де ескерген жөн.

Ақын өлеңін оқығанымызда *тәңсір* («Тәпсірге» атты өлеңі (Пұшатайұлы, 2024, 124-б.) сөзіне назар аудардық. Себебі, *тәңсір* (*тәғсір*) сөзі тілімізге араб тілінен енгені белгілі. Осы сөз Галамторда: «*Тәпсір* (араб.: تفسير тәғсір) оны араб тілінен аударғанда мағынасын ашу, баяндау мағынасын береді. Ислам дінінде – Құранның мағыналарын түсіндіру, оның ішіндегі сенім, ғайып, хикметтер мен үкімдерге байланысты аяттарға түсініктеме беру» (Тәпсір, 2025), – делінсе, Сөздіктерде: «*تفسیر* тәғсір Тәпсір 1) түсіндіру, түсінік беру, ұғындыру; 2) мән, мағына» (Ондағынов, 1969, 42-б.); «*Құранда айтылғандар мен ондағы жеке сөздерге берілген анықтама, түсініктеме*» (Жанұзаков, 2008, 791-б.), – дегендей, Сөздіктер мен Галамторда осы сөзге берілген мағынада айырмашылық жоқ екеніне көз жеткізілді. Ақын күнделікті көріп жүрген адам жанашыры дәрігердің қадір-қасиетін, олардың өмір мен өліммен арпалысқан сәттерін, жанкештілік ерлігі мен сенімін, болмысын, «дәрігер» деген ұғым-түсінікті баяндау арқылы оның мән-мағынасын ашуда өлеңіне тақырыппен айдар тағып, оны өлең өрімімен өрнектей білгенін көреміз. Тағы бір байқағанымыз: өлеңдерінде «әйтеу» сөзін жиі қолданылатынын. Соған қарағанда, ол (акын) тілдегі «әйтеуір» сөзін

қолдану ыңғайы мен шумақтың бунағына қарай қысқартып, пайдаланылған десек те, мүмкін, Баян-Өлгей қазақтарының тілдік ерекшелігі емес пе еken деп ойлаймыз. Бұл, біздің автор қолданылған «әйтеу» сөзіне қатысты пікіріміз (қараңыз: мысалы, батыс қазақтарының тіліндегі «ага» сөзін «ака», «ол не?» сөзін «не зат», арап қазақтарының тіліндегі «келиңіз, барыңыз» сөзі «келсей, барсай», оңтүстік қазақтарының тіліндегі «өтө» сөзі «шили», т.б. сияқты). Жалпы алғанда, ақын айттар ойын стильдік түрғыда тіліміздегі сөздік қордағы бар сөзді орнымен, ұтымды, шебер қолданыла білгенін аңғарамыз.

Ақын поэзиясында кейбір көтерген мәселелерінен Абайдың, Мұқағалидың, Ж. Молдағалиев пен Т. Молдағалиев жырларымен сабактастырын, ұндеңстігін байқауға болады. Сондай-ақ, ақынның ажырамас бөлшегі болған қазақ-монғол арасындағы достық, әдеби-мәдени, гуманитарлық ынтымақтастық байланысы туралы саяси көзқарастары мен пайымдауларын, жырларын (мыс.: «Дәлүүн», «Жерім Монғол болғанда...», «Улсын наадам буюу төрийн далба», т.б.) өз алдына зерттеуді қажет ететін өзекті проблема. Әрине, бұл – менің пайымдауым.

Ақпарат ретінде: екі ел (қазақ-монғол) арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына биыл 33-жыл толуына орай (Қазақстан, 2025), яғни 22 қаңтар 1992 жылы, осы күні Қазақ Елінің бас қаласы Астана төрінде Мұрат Пұшатайұлының мұрасына арналған еске алу кеші тегіннен тегін емес өткенін бірі білсе, бірі білмеді.

Осы орайда, жазушы Т. Әбдіковтің «Еңбекпен келген даңқ – ақын үшін үлкен бақыт», – дегендегі, бірақ нағыз ақын қашан да халқы бақытты болғандаға ғана өзін бақыттымын дейтініне сенсек, Баян-Өлгійде қанат қағып, сонау 78-жылдары қазақтың қарашаңырағы Эл-Фараби (бұрынғы С.М. Киров) атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің филология факультетіндегі білім алған, бүгінде жырымен қазағын, оның ішінде монғол елінің ақындарын мойыннатқан курсасымыз Мұрат – бақытты ақын.

Бақытты ақын поэзиясының тағы бір ерекшелігі – қазақ-монғол ән әлемінен берік орын алуы. Біздіңше, сазгерлердің оған бірнеше себептері бар: *біріншіден*, ақын поэзиясын шекіз суюнен, *екіншіден*, олеңдері өздері-ақ әуенде сұранып тұруынан, *үшіншіден*, ақын поэзиясының халық жырларымен сабактастып жатқанынан, *төртіншіден*, ақын поэзиясында халықтың елдігі мен ерлігі, қайғысы мен қуанышын тапқан олеңдеріне асқан талғампаздықпен ән шығаруы дәлел. *Бесіншіден*, тұған жері монғол елінде оның әндері сол тілде орындалуы заңдылық. Міне, оның қазақ-монғол ән әлемінде орын алуы дегеніміз осы.

Осы орайда, ақынның «Ақ сапар» атты олеңіне іштей үңілсек, әрбір шумақ жолдағынан мынадай сәттер көз алдына келеді. Бұл – біздің жеке ойымыз, бір сәт, оны бірнеше қырынан қарастырсақ:

- ата қонысқа бет бұрган адамның өскен ортасымен, тұған жерімен қоштасуы;
- ата қоныс, туған жерге деген балалық арман-сағынышы;
- ағайын-туысқа, досқа деген махаббат-сағынышы;
- ақынның өмірге деген бітпейтін сағынышы, ерте ме, кеш пе дүниеден өтетін сәтімен сырттай қоштасуы.

Бір сөзбен айтқанда, Мұрат ақын ата қонысқа бет бұрган адамның басынан өтетін біз сипаттаған осынау белгіні, болмысты «Адам-Табиғат-Қоғам» үштағандық жүйемен байланыстырып жырласа, ал сазгер Бержан Файзоллаұлы оны ән әуенінде әлділей білді. Сөйтіп, ақын өлеңі ән әуенімен ұштасып, сол кеште ән әлемінде қалықтап, халық қошаметіне ие болды. Ақынның ән болып қалықтаған өлең жолдары үзінділеріне назар аударалық.

«Мың толқыдым Монғолдан ел көшкенде,

Шын толқыдым Өлгейден сен кеткенде,

Ағыл-тегіл сырласар күндер қайда

Ақ жаңбыры қөнілдің селдеткенде.

Әліде қандай күн туса,

Құстай ұшып жет деші.

Өлгейден көшіп жатсанда

Өмірден көшіп кетпеші» (Пұшатайұлы, 2024, 464-б.), – деп түйіндеуі, ақынның ақындығы басқаша ойлайтындығында десек, осы өлеңі аясында ұлы көштің қазақ жеріне бет бұруы арқылы оның өмірге деген құштарлығын, бітпейтін сағыныш сезімін өзімізше ойлап, пікір айтудымыз деп қараған жөн.

Жыр шумақтарынан түйгеніміз: уақыт өте келе, ән болып қалықтаған сағынышпен сол бір ұлы көштің басы-қасында жүріп, ағайынға тілеулем болып, «ақ жол, сәт сапар» тілеген ақын кредосы болса керек.

Жоғарыда айтқанымыздай, ақын поэзиясын шексіз сүйген халқының шынайы махаббаты, мысалы, «Ел көшкенде» өлеңіне әнін жазған Бержан Файзоллаұлы, «Ақ сапар» әні Бержан Файзоллаұлы, «Замана тынысы» әні, сазгер Ұшқын Жамалбек, «Күншілдік» әні Ұшқын Жамалбек, «Махаббатқа шекара бола алмады» әні, сазгер Әділет Экімхан, т.б. өлеңдеріне ән жазған авторларды осылайша тізе беруге болады. Бір сөзben айтқанда, ақынның ән әлеміндегі өлеңдерін музикалық түрғыда зерттеу – өз алдына жеке проблема.

Осы жерде ескеретін нәрсө: мен әнші, не музика зерттеушісі (музыкoved) емеспін. Бірақ ұлы Абай «Әннің де естің бар, есері бар», – дегендей, заман ағымына қарай, ән де құлпырып, түрленіп, орындалып отыратыны зандалық. Сондықтан киелі сахнада ән салып жүрген әншілер ақын сөзіне жазылған әнді, тіпті, кез келген әнді орындауда түрлі ірім, ырғаққа саламын деп, ақын мен сазгерлер арасындағы алғашқы түп нұсқасын, әуендеғі үндестікті бұзбаса екен деген арман-тілек. Бұл – менің әншілерге, не оларды өндеуші музика мамандарына (оранжировка) қояр талабымнан гөрі, оларға ой-түрткі салу үшін айттылған пікір-ұсыныс немесе жәй фәлсапиялық ой-болжамым деп қабылдаған жөн болар.

Біздіңше, әннің ұзақ өмір сүруі, «Автор – Сазгер – Орындаушы», осы үштік байланыс бір арнада тоғысса, халық жадында ән мәнгі сакталады. Бір ғана мысалы, халық әндерін былай қойғанда, Шәмші әндерін айтсақ та жеткілікті, яғни оның әніне сөз жазған ақындар мен орындаушыны тізе беруге болады.

Бір мақалада аясында Мұрат өлеңдерін жан-жақты талдап шығу мүмкін емес, келешкте қазақ-монғол әдебиетінде Мұраттану ілімін зерттеушілерге ой салу.

5 Қорытынды

Зерттеу объектімізге орай, қазақ-монғол поэзиясында «жүлдyzдай жарқырап» орын алған курстасым Мұрат ақынның кез келген адамның басында болатын өзімізге таныс-ау деген кейбір өлеңдеріне тоқталып, оларды хал-қадірімізше оқырман назарына ұсындық. Келешекте ақынның «Жерім Монғол болғанда,...», – дегендей, монғол жеріндегі қазақ ақындарының жырларын жинап, шығару арқылы ұлт тілінің байлығын көпшіліктің игілігіне айналдыру нүр үстіне нүр болмақ.

Жалпы, ақын өлеңдерінен ой түйгеніміз: олар (коршаған орта, әміршілдік-әкімшілдік жүйе) ақынды сол сәтте түсінсе де, түсінгісі келмеді-ау,- деп ойлаймыз. Иә, бұл – өмірде, қоғамдағы кез келген салада, тіпті, отбасында да жиі болатын зандалық (түсінеге отырып, түсінгісі келмейтін). Осы орайда, ақын Т. Молдағалиев: «...Табиғаттың тебіренген, қуанған шағының перзенті ақын десек, сол перзенттің иесі де, іздеушісі де оның халқы. Халқы аманда ақынға өлім жоқ» (Мақатаев, 1991, 14-б.),- дегендей, ақын поэзиясын сүйген халқы бар да, ол – мәңгілік.

Екі елдің рухани-мәдени бай мұрасын тел қозыдай бойына жинап, өскен Мұрат мұрасы, әлемі, қазағы бар да биіктей береді.

Сөз соңында, Монголияның Өлгий (Өлгей) топырағында түлеп ұшып, ата-қонысы туған жерге қона алмаған Мұрат жырларын ұлы Абайдың «толық адам» аясында танымдық түрғыдан зерттеу – болашақ зерттеушілерге ой салары сөзсіз демекпіз.

Әдебиеттер тізімі

1 Көнек [Электрондық ресурс] – Кол жеткізу режимі: <https://e-history.kz/kz/news/show/1702> (қараған күні - 11.02.25).

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы ред. басқ. Т. Жанұзаков. – А.: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

3 Қазақстан Республикасы мен Монголия арасындағы қатынастар [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/452?lang=k>. (қараған күні – 28.01.25).

4 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – А: «Қазақстан» және «Сана», 1991. - 80-б.

5 Мақатаев М. Өлеңдер, поэмалар. Т.1. Соғады жүрек / Құраст.: Л. Әзімжанова, С. Дәуітов. – А.: Жазушы, 1982. – 320 б.

6 Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1: Өлеңдер мен поэмалар / Құраст.: Л. Әзімжанова. – А.: Жазушы, 1991. – 368 б.

7 Мақатаев М. Жылап қайттым, өмірдің базарынан. Жыр кітабы. Құраст.: Л. Әзімжанова. – А.: Жалын, 1994. – 256 б.

8 Монғолдың құпия шежіресі (XII-XIII ғ.-дағы көшпелілер шежіресі). 2-ші басылым. – А.: Өнер, 2009. – 216 б.

9 Ондасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Жалпы ред. басқ. Е.Б. Бекмұхамедов. – А.: Жазушы, 1969. – 266 б.

10 Пұштатайұлы М. Халқым деп қанат қақтым мен... (Өлеңдер, естелік, арнаулар)/Жинақты әзірлеген: Шайзада Сактағанқызы., Редактор: Шыныай Рахметұлы. – Өлгій, 2024. - 468 б.

11 Тәпсір [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Тәпсір> (караган күні – 31.01.25).

12 Тоқаев К.-Ж. Абайдың 175 жылдығы тойланады [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://almaty.tv/kz/news/kultura-i-shou-biznes/1525-kazakhstan-gotovitsya-otmetit-175-letie-abaya> (караган күні – 25.01.25).

КОЖАНУЛЫ, М.

ПОЭЗИЯ НЕ ИМЕЕТ ГРАНИЦ... (О стихах поэта Мурата Пуштатайулы)

В статье рассматриваются духовно-познавательные размышления уроженца Баян-Ульгая, поэта Мурата Пуштатайулы, опираясь на некоторые его стихи, описывая реалии среды, в которой он жил. Стихи поэта, следуя примеру школы поэтов, существовавшей до него, с большим мастерством и точностью передают человеческий капитал, который играет ведущую роль в обществе и созвучен с программой «Общества справедливости и честных граждан» двух современных стран. Автор статьи считает, что анализ и изучение в стихах поэта таких тем, как Родина-матерь, родной край, чувство патриотизма, нравственности и др. в духовно-культурном и познавательном контексте будет способствовать развитию казахско-монгольских литературно-культурных связей. В перспективе, несомненно, это будет способствовать увеличению богатства национального языка путем издания полной антологии казахских поэтов монгольской земли. Вместе с тем, мелодическая гармония между поэтом и композитором, написавшим песню, дает представление о принадлежности к певцу, либо к исполнителю песни.

Ключевые слова: стихи Мурата, нравственность, Родина, патриотизм, справедливое общество, честный человек.

KOZHANULY, M.

POETRY HAS NO BOUNDARIES... (About the poems of the poet Murat Pushatayuly)

The article explores the spiritual and intellectual reflections of Murat Pushatayuly, a poet from Bayan-Ölgii, drawing on several of his poems and describing the realities of the environment in which he lived. His poetry, following in the footsteps of the poetic school that preceded him, skillfully and precisely conveys the concept of human capital, which plays a leading role in society and resonates with the program of "A Society of Justice and Honest Citizens" in both contemporary countries. The author believes that analyzing and studying the poet's works on themes such as the Motherland, native land, patriotism, morality, and more, within a spiritual, cultural, and educational context, will contribute to the development of Kazakh-Mongolian literary and cultural ties. In the future, this will undoubtedly enrich the national language through the publication of a complete anthology of Kazakh poets from Mongolian lands. Moreover, the melodic harmony between the poet and the composer who wrote the music provides insight into the identity of the singer or performer of the song.

Key words: Murat's poems, morality, Motherland, patriotism, just society, honest man.

Авторлар туралы мәліметтер:

Қожанұлы Манасбай – филология гылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Қожанұлы Манасбай – кандидат филологических наук, профессор, Национальный университет обороны Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан.

Kozhanuly Manasbay – Candidate of Philological Sciences, Professor, National Defense University of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 82-15; 297

Мырзагалиева, К.М.,

филология гылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
ассистент профессоры,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Артықбай, И.Б.,

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру
бағдарламасы 3-курс студенті,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

ИМАНДЫЛЫҚ ИРІМДЕРІ**Түйін**

Мақалада пенде бойындағы адами қасиеттерді қалыптастыру мен орынды қолдану амалдары көрнекті тұлғалардың ойымен көрсетіледі. Өмірде адам болып қалудың маңызы мен жүректі таза ұстап, пейілімізді кең етуді насхаттай отыра, өмірде өз орнын тауып кеткен тұлғардың еңбектерінен мысалдар келтірледі. Олар: Ж. Баласұғын, Қожа Ахмет Яссаяу, А. Құнанбайұлы, А.Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев және Т. Медетбек. Рухани даму мен философиялық ойлар сан гасырлардан бері қалыптастып келе жатқаны, осы күнгө дейін маңызы жоғалмағандығы мақалада айқын корініс татқан. Мақаладағы негізгі үндеу- жасаң қартқа қарамай, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі бірдей ұстап, адам болу.

Түйінді сөздер: Имандылық, аят, адамгершілік, ар-ождан экологиясы, өкініш, қайырым, пейіл, ақ ниет, қайрат, тағдырдың жазғаны.

«...Балалық, тазалық өлді. Жүректің ақ нұры сөнді... ...Түзелмес мін емес бұлар...»
Шәкәрім.

1 Кіріспе

Пенде болған соң жаңылыс баспай тұрмайсын. Кейде білмей, кейде біліп тұрып жамандыққа ұрынасын, көңіл кірлейді, жанға жара түседі, араласып жүрген жақын адамдар жүрегін ауыртып алатын кездерін де болады. Ақын, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Т.Медетбек: "Жүрттың қалай екенін қайдам, мен үшін адамгершілік, ар-ождан экологиясы барлық экологиялардың тұп-тамыры, тұпқазығы сияқты. Өйткені, адамгершілік, ар-ождан экологиясы тазармай, сол экология сауықпайды деп білем... ", – дейді. Иә, тәнімізді жиі жуып тұрамыз, жанымызды, ар-ождан экологиясын қалай сауықтырамыз? Жауған күнмен жаңғырып, Жер көгеріп күш алар (Абай).

Табиғат та, жуынып, жаңарып тұрады. Рухани тазалыққа қалай қол жеткіземіз? Ж.Баласағұн "Еліктің Одғұрмышқа жауабы" атты өлеңінде:

Бұл дүние ісі қылды пұшайман,
Хаққа ибадат ету қайда, жоқ айлам.
Маған ақыл-кеңесің бер, тұтайын,

Тазарайын мен сөзіңен құттайып,- дейді. Тазаруды ойламайтын адам бұл дүниеде кемде-кем шығар? Әсіресе ақындар өлеңдерінде жиі ұшырасады.

"Көңілдің кірі айтса кетеді". Жұсіп Баласағұн өмірінің өкінішпен өткенін, көп күнәға батқанын жыр жолдарымен жеткізіп, Алладан ғалал қылмай, сергек қылуды тілейді:

Жазығым көп, ұятсыз бір құлыңмын, Рақым келсе сенен келер, ұғындым! деп Алладан рақым күтіп, бас иеді. Сөйтіп өзіне-өзі ақыл-кеңес береді:

Ей, жолынды, пейілінді тузегей қос жаһанда төрден орын бергей, жалғанда сыйлы бол деген тоқтамға келеді.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек... Абайдың албырттықтан алыстап, қарттық-қа қадам басқан шақтағы жазылған бұл өлеңі өмірден түңілдірмейді, қайта тереңіне үңілдіре түседі. Сол қайғының бірі - жіберген қателіктері. Абай енді бір өлеңдерінде теріс мінездерін есіне алып, ойланып, толғанады. Өз ісінен өзі ұялып, оны қалай тыюдың жолын іздейді:

Бойдағы мінді санаасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүргімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға,
Апаңдағы саз емес.

Кейбіреулер өз қателігін "Құдайдың ісі", "Құдайдың басқа салғаны", "Тағдырдың жазуы", "Сайтанның азғыруы" деп кінені өзгеге артатыны белгілі. Адамның азғаны, құдайдың маңдайға жазғаны емес, ұлы ақын осыны тап басып "Бәрі болды өзімнен, тәнірім салған наз емес" деп ашық, жеткізе анық айтады. Пенделігін мойындал, соған өкінген кісі пенделіктен жоғары тұрады, пенделігін мойындағандар тағы да пенделік жасайды.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

"Жүрек көзі ашылса, адамға ақиқаттың сәулесі түседі" (Қожа Ахмет Яссави). "Жүрек көзі" дегеніміз не? Алла адамзатты жаратқанда екі көз беріпті. Оның бірі – занияр (сыртқы), екіншісі – батин (ішкі) көз. Занияр – маңдайымыздағы осы дүниені ғана көреді де, батин – бұл дүниені де, о дүниені де көре алады. Қожа Ахмет бабамыз да, Абай да "көкірек көзі", "жүрек көзі" деп осы батинді айтқан.

Абай:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса

Адамның хикмет қеудесі – деп жүрек таза болса, шындықтың салтанат құрып, іштегі кірді қашыратынына сенеді. Іштегі кір жуылса, адамның қеудесі ашылып, керемет күй кешетінін, мерейі үстем болатынын, жан тазалығына ештеңе жетпейтінін айтады. Хақтық – құдай жолы. "Алланың өзі де рас, сөзі де рас". Алланың сөзі – қасиетті Құран. Сондықтан да Абай:

Патша құдай сыйындым,
Тура баста өзіңе, деп.
Алладан медет сұрайды,
тура жолға бастауын тілейді.
Кірлеген жүрек өзі үшін
Тұра алмас әсте жуынбай.

Жан тазалығы – руханиятта. Руханият – білім, ғылым, мәдениет, өнер. Рухани мәдениеттің бір белгісі –... ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу ["Қазақ", 1915, 12 сәуір], дейді Ә. Бекейхан.

Рұхты тәрбиелеп, жетілдіретін – руханият. "Өршіл рух ұстаны бекем руханияттан туады. А.Байтұрынұлы анықтаған халықтың тірнек өнері мен көрнек өнері рух һәм руханиятқа тікелей байлаулы. Ақыл-ой жемісінен бастап өндіріс өніміне дейін адамзаттың биік сұранымына, жоғары талғамына жауап беру үшін рухани қасиетке суарылуы шарт" [1. 36]. Рухани қасиетке суарылған дүние жүрек тербейді, жан жылтытады, адамзатты ізгілік, ізет жолына бастайды. Кеңес дәүірінде бұл ақиқат айтылмай, руханиятқа қиянат жасалды. Солақай саясатқа құштеп көндіру етек алды. Алайда құранның Нахыл сүресі, 106-аятында: "Жүргегі Иманға толы бола тұра, Аллаһқа қарсы шығуға құштеп көндірлгендерден басқа кімде-кім иман келтіргеннен соң көніл ризашылығымен құпірлікке барад болса, Аллаһтың азабына душар болады" делінген. Аятта мұсылмандарға жанына, тәніне азап түсіп, қиналған сәтте құпірлік сөзін айтуға болады."Дегенмен дін үшін, Халық жолында құпірлікті аузына алмастан жанын пида ету - ең үлкен ерлік" [2.123б].

Абай ғылымды үйренудің алты жолын нұсқап, түйінінде ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсекқызыарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсөң, мінездің беріктігі бұзылады. Оナン соң оқып үйреніп те пайда жоқ [Абай, 32 қара сөз]. Мәселе тек білім, ғылымды игеруде ғана емес, оны қайда жұмсай білуде. Өйткені "Оқыған ақымаққа ақымақ жетпейді" (Қ. Мырза Әли.). Қашан да тәрбие бірінші орында тұруы керек. Тәрбиесіз тәлім сүйк қаруға айналуы әбден мүмкін.

Абай:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Істық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
(«Малға достың мұнды жоқ малдан басқа»)

Абай: Эйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көніл берме!

Абай: Ері ақылды, қатыны мінезді бол,
Тату болса, райыс үстіндегі үй.

Шәкәрім:

Мейрім, ынсан, ақ пейіл, адад еңбек –
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.
(«Адамнан артық жәндік жаралмаған»

Иманым, 10 б.)

Сондыктан да Шәкәрім:

Шын залымға берме ғылым,
Ол алар да оқ қылар.

Қаруым дер, кісі атып жер,
Ол ғылымды айла етер.

Қарғысына сен қаларсын,
Елді алдап ол алар.

Ақылды жоқ, малы көптің

Бірталайын еңіретер.

Дүниені түзетуші
Нәм бұзушы – бір ғылым.

Әрі залым, әрі ғалым,
Ел түбіне сол жетер,-дейді [3. 239 б.]

"Ақылды кітап қашан да адам тәрбиесіне қызмет етпек" [4. 209 б.].

Жан тазалығы ізгілік, ізет - тәрбиеден бастау алады, "Тәрбие тілден басталады". "Он рет өситет айтқанша, бір рет өнеге көрсет..." "Жалғастырушысын таппаса, жақсылық қанат жаяр ма?!" Міне, сол себепті де қазақ халқы "Өнегенің өрісі кен" дейді. Ізгіліктің қолдаушысы көп болуы тиіс" [5. 14-15 б.]. Қазақтың мақал-мәтелдері де, қанатты сөздері мен тыйым сөздері де – үлгі, өнеге, ақыл. Ал, "Өнеге күші - өлшеусіз". Ақын М.Әлімбаев сөзімен айтсак, "Әр сөзі, әр нақылы бұрынғының - жол сілтері бүгінгінің". Үлгі- өнеге – көкірек көзін аршиды.

Мешіт – құдайдың жердегі үйі. Мешітке бару - іштегі ыс пен дерттен арылу, құдайға құлышылық ету. Ертай қажы Балахмет: "Келуші (Мешітке келуші – К.М.) бауырларымызға ислам дінінің имандылық, парасаттылық уағыздарын кеңінен насиҳаттап, олардың көкірек көзін ашып, дініміз жайлы жан-жақты мәлімет беру біздердің діни һәм адамшылық уазифамыз екені де даусыз" [6.18 б.]. Театр да адам жанының емшісі, рух демеушісі. Жақсы бір қойылымды тамашалау жан рахатына бөлейді, денен женілдеп, көнілің сергіп қалады. "Құлақтан кіріп бойды алар әсем ән мен тәтті күй" де жан дауасы, нәр, әл сыйлар, рухты оятып, аспандатар ғажайып күш. Драматург А. Островский: "Ұлт кәмелетке жетуінің белгісі" [7.133 б.], – дейді. Театр – тәрбие бесігі. Поэзияның тұнығына шомылу жүректің көзін ашары сөзсіз. Бұл осы мақаламыздың өн-бойынан да айқын аңғарылса керек.

Дулат Бабатайұлы:

Сырымды менің сұрасаң,
Тұманың тұнық суынан.
Кеудеме қайғы толған соң,
Тұнық жырмен жуынам.

Жазушы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Баққожа Мұқай "Азат сана, бостан рух" мақаласында 1996 жылы Қазақстанның әдебиет, өнер қайраткерлерімен бірге Түрік еліне барған сапарында өнер қайраткерлері үлкен стадионда концерт қойғанын, Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрі "Адай", "Сарыарқа" күйлерін орындағанда стадион толы халық қошамет көрсетіп, орындарынан тұрып, дуылдатып қол соққанын, ал оркестр "Түрік маршын" орынданай бастағанда стадион толы халық тік тұрып, музика аяқталған сәтте стадионды аруақты үн кернеп кеткенін жазады. "Түркия, Түркия" деп дүрілдеген халықты қөргенде бұл елдің рухының құштілігіне, әлгі сөздің елдің басын біріктіреп құдіретіне қайран қалдым, – дейді автор. Рух - қанат. Сол қанат барлығымызда бар ма? Ел рухы биік болу үшін әр адамның рухы биік болуы керек. "Алыптың қеудесі биік болуы үшін халықтың рухы биік болуы керек" [8.7 б.]. Жаны таза, елін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, тілін, ділін сүйген жаннның рухы асқақ, рухсыз жан – тірі өлік! "Ал рух – Алланың Адамға үрлеген өмір демі [9. 33 б.] .

Адамзаттың рухани тірегі –дін. Имандылық – рухани тазару. Жүргіне иман ұялатқан адам рухсыз болмайды. Биология ғылымдарының докторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Аманбекқажы Ақайұлы: "Рухани тазалыққа ұмтылу арқылы, бойына рухани нәр жинау арқылы адамзат ұрпағы сәулелі сенімге жолықкан, бойындағы "кір-коқыстан" тазарған", – дейді.

Сенбе жүртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне құлық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Енбегің мен ақылың екі жақтап.
Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

Мағжан Жұмабаевтың төмендегі өлеңі де осы оймен астарлас:
Жетсе егер қорқынышты қара түнім,

Басса дерт, әлім құрып шықпай үнім.

Көңіл ашар, кеудеме жан кіргізер,

Өлең - менің Шолпаным, Айым, Құнім. (Мағжан.)

Тазарудың тағы бір жолы – сүйіспеншілік, адамды, адамзатты сую, ардақтау, қайырым жасау. Хазіреті Пайғамбар с.ғ.с.: "Өзінді қалай жақсы көрсөн, басқаларды да солай жақсы көр. Өзің не тілесен, әуелі соны басқалар үшін қыл – адамға осылайша махаббаттанбай тұрып, мұсылман бола алмайсың". Құран аяты: "Барлық муминдер (Мұсылмандар – К.М.)

бір-бірімен бауыр". Егер қолың ұзын болса халыққа – Қылыш, сөзді ізгі қылып, жарылқа!

...Ізгілік – пайда. Тірлігінді пайда қыл, Ізгілік соңыра – жер, киерің, ойлағын!

(Ж. Баласағұн.)

Қожа Ахмет Яссави:

Дұға қылғын, муминдерге себің тисін,

Ақыретте бір пайдасын көрер, достар.

Хикметтерім айтылар шын ғашықтарға,

Көңілі кірсіз айнадай ашықтарға.

Қанипа Бұғыбаева: Жалғанда бұл жасап жанға қиянат, ғашық жүрек алдамайды ешкімді.

Адал махаббат –жан тазалығынан туады. "Махаббатсыз дүние бос" (Абай). "Махаббат жок" дейтіндер – бұл сезімнен ада, көңіл кезін кір басқан жандар. "Естай Махаббат жыршысы. Жан азаттығының жалынды жыршысы" (М.Әлімбаев). Сазгер әнші, ақын Естай адал махаббатын, асыл жар бейнесін бір әнде жасай білген ғашығы Хорланды да, әнін де аңызға айналдырған. "Хорлан – Естай шығармаларының шыны, жүрегі" (А.Жұбанов). Махаббат махаббатты оятады, ізгілік ізгілікке жан береді, өмірге, адамға ынтық адам жамандық жасай алмайды.

Қайғылыны уату да – қайырым. Дулат Бабатайұлы:

Сана құйып ойына,

Қуат беріп бойына,

Аққан жасы сел болған,

Етегі толы көл болған,

Беріш боп шері байланған,

Ұйқы беріп, қайғы алған

Қайғылыны уаттым.

Мәскеу түбіндегі қырық бірінші жылғы қиян- кескі ұрыстардың бірінде Вера Гордова деген санитар қыз бір өзі он жауынгердің жарасын таңып, ұрыс даласынан арқалап алғып шығады. Сонда қайтпас, қайсар, қайырымды қыздың ісіне риза болған Бауыржан Момышұлы: -Апыр-ай, мынау жұдышықтай қыз он ұл тапқан анадан артық болды-ау, – депті. Бұл негізінде санитардың міндеті болғанымен, он жауынгердің жарасын таңып, ұрыс даласынан арқалап алғып шығу – жан-тәнімен беріле, бар күш-куатын жұмсай қимылдауды қажет етеді. Санитар қыздың бұл ісі оның адамды шексіз сүйеттін де аңғартады. Ең жаманы - енжарлық. "Отан үшін отқа тұсу" деген осы!

Қайырым – тарыққанда табан тірер тірегін. "Қайырымнан қаймығып қашты мұңым", – деп ақын айтқандай, қайырым жасасаң қайғы да, қасірет те жеңілдейді. Ағайын- туыс, дос-жаранның қайғысы мен шаттығын бөлісу де жүрекке жеңілдік әкеліп, қуанышқа жетелеп, жарық сәуле түсіреді.

5 Қорытынды

Имандылық – адамның қоғамдағы, қунделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі-бір қалыпта түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі.

Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына – мінез-құлық жүйесіндегі ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінген. Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған. Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Қоғамда берік қалыптасқан осындағы көргенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, имандылықтың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған. Қанға сіңген қасиетті дәстүрлі өркениетті ары қарай сактай отырып дамыту мына біз секілді жас буындардың қолында! Үлгі болар, тәлім алған адамдардың нақышын көрсетер орын- бәрімізге ортақ қоғам. Мақалада адами құндылықтарды сактау, тәрбие мен тағылымды өскелең ұрпаққа дұрыс жеткізу, бағыт беру сынды мәселелер көтеріле отырып, әдебиеттің негізін салған тұлғалардың сөзімен дәйектеледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қамзабекұлы Д. Аңдату. Руханият. – Алматы: "Білім", 1997. – 3 б.
- 2 Өмірзакқызы Д. Мұхаммед пайғамбар өмірі мен өнегесі // Жұлдыз. – 2001. – №3. – 123 б.
- 3 Құдайбердіұлы Ш. Сен гылымға болсаң ынтық. Иманым. – Алматы: Арыс, 2008. – 239 б.
- 4 Серікқалиев З. Дүниетаным даналығы. – Алматы: "Білім", 1994. – 209 б.
- 5 Әлімбаев М. Халық- ғажап тәлімгер. – А.: Рауан, 1994. – 14-15 б.
- 6 Марал ишан. – Қызылорда: Тұмар, 2005. – 18 б.
- 7 Рымғали Н. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: "Күлтегін" баспасы, 2002. – 133 б.
- 8 Мырза Әли Қ. Алмас жерде қалмас. – Алматы: "Жазушы". – 2000. – 7 б.
- 9 Ақайұлы А. Адамзаттың рухани бірлесу және жаңғыру кілті. – Қазақ-Қазығұрт. – Алматы, 1998. – 33 б.

МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М., АРТЫҚБАЙ, И.Б. НРАВСТВЕННЫЕ НАКЛОННОСТИ

